



КӨКЕЙКЕСТІ

Қожанасыр туралы әңгіменің бәрі қызық. Өзі қызғаншақ, өзі ақымақ бай туралы бір аңызда Қожекөңнің тапқырлығы мен данышпандығына еріксіз өзу тартасыз. Қожанасыр бір сараң, қызғаншақ баймен көрші болыпты. Көршісі Қожекөңнің жалғыз аты мен жалғыз сиыры жайылатын үй іргесіндегі тулақтай жерді қызғанады екен. Тіпті мұның аты мен сиырын қуып, оған күн көрсетпегуге айналыпты. Ұрыс-көріспен жеңе алмайтынын білген Қожа бір күні байға келіп:

— Ау, көрші, мен ертең жайлауға көшкелі жатырмын. Көріскенше күн жақсы болсын! — депті. Оған бай күліп:

— Көктемде қандай жайлау саған? Оның үстіне, жалғыз шолақ атың мен сиырыңа жайлау не керек? Үйіңнің айналасы жетпей ме? — депті.

— Кателесесіз, байеке!

Жайлауға елден бұрын барсам, шөптің соңысын жеп, судың тұнығын ішемін. Сіздер жеткенше жайлаудың қызығын жалғыз көрейін, — дейді. Мұны естіген қызғаншақ байдың іші қылп ете қалады. Ертесі таңертең Қожанасыр ұйқыдан тұрса, көршісінің жұрты жатыр. Жайлауға көшіп кеткен. Содан бастап Қожаның аты мен сиыры байдың қызғанып жолатпайтын өрісіне емін-еркін жайылыпты.

Мұны неге айтып отырмыз? Арыста осыған ұқсас бір оқиға болған. Жаздың басында Арыс қаласында болған жарылысты ұмытпаған шығарсыздар. Аяқ астынан шыққан апаттан жалпы саны 1700-ге жуық тұрғын үй зардап шекті. Оның 428-і мүлде қирап қалған. Сол қирап қалған үйлердің бірін, яғни Төле би көшесінің бойындағы бір үйді іргетасынан бастап, түгелдей салып беріпті. Ал оның көршісі, Төле би көшесі 183-үй көп бүлінбеген. Арнайы құрылған комиссия солай деп шешім шығарады. Алайда үйдің иесі Димахан Ысқабаев сап-сау тұрған баспанасын балталап, бір түнде бұзып тастапты. Неге дейсіздер ме? Қызғаныштан. «Маған да үй салып беріндер. Менің де үйім қирап қалды. Көршімнің

үйін жаңадан салғанда, менің үйімді неге көрмейсіндер?» — деген, пендешіліктен, қызғаныштан туған дүние. Жарылыстан қирап қалды деп жұртты сендіргісі келген болу керек. Алайда Түркістан облысы әкімінің баспасөз хатшысы Сәкен Қалқаманов фейсбук әлеуметтік желісінде екі түрлі бейнекөрініс жүктелді. Оның бірі — әлгі Төле би көшесіндегі 83 үйдің

дейсіздер ме? 21 мың теңге әлеуметтік көмекті ұшақатты зәулім үйі бар дөңгелек дәулетті адамдар да алған. «Жұмыссызбыз. Табысымыз күнкөрісімізге жетпейді» — деп, «жолын» тапқан болу керек. Алайда комиссия тексере келе өтіріктің беті ашылған.

Ақша үшін адамнан айла аспайтыны баршамызға аян. Алайда

КӨРШІНІҢ ҮЙІ «КЕРЕМЕТ» ДЕП...



балталанбай тұрған кезінде түсірілген. Екіншісі — үй иесі өз баспанасын қиратып тастағаннан кейінгі бейнекөрініс.

Біз мұны қызғаныштан көріп отырмыз. Алайда әлгі азамат мұның қылмыс екенін білмейтін болу керек. Қазір кара шаңырағын балталап тастаған азаматтың үстінен қылмыстық іс қозғалған.

Пендешіліктен туған мұндай оқиға көп. Мәселен, өткенде ғана көпбалалы аналар мен тұрмысы төмен отбасыларға берілетін әлеуметтік көмекке байланысты бір алаяқтық дерек шықты. Қандай

ұшақатты үйі бола тұра, 21 мың теңге үшін өзін бейшара көрсетуден арланбайтындарға не ақыл айтасыз?! Неге екені түсініксіз, қазір сондайлар көп. Яғни онай олжаға кенелгісі келетіндер мен алақаны терлемей ақша табуға құмарлар баршылық. Осы жолда олар қайыр сұраудан да намыстанбайды. Әңгімеміздің басында айтылған, өзінің кара шаңырағын қиратып тастаған Арыс тұрғынының әрекеті намысты адамның ісі емес. «Үйімді үкімет салып беру керек» деген масыл мінез.

Жарас ШӨКЕ

ӘТТЕГЕН-АЙ!

СЕНГЕН СЕРКЕМ...

Әрине, кез келген қоғамда қылмыскердің тайрандап жүруіне жол берілмейді. Әркім істеген қылмысына қарай жаза арқалайды. Алайда пенде болған соң, олар да темір тордың арғы жағына көтіп бара жатып, өкінетін болар. Ішінде бір өкініші бар осындай азаматтар Алматы облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің АА-155/8 мекемесінде жазасын өтеуде.

Күні кеше осы жерден шу шықты. Түрме басшылары мен қатардағы қызметкерлер сотталғандарды аяусыз жәбірлеген. Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев қызметтік тергеу нәтижелері бойынша тәртіптік негізде аталған мекеме мен Алматы облысы қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің 14 лауазымды тұлғасы жазаланғанын айтты. Ал кеше ішкі істер органдарынан 7 қызметкер, оның ішінде 2 мекеме бастығының орынбасары жұмыстан шығарылғаны белгілі болды, — деп хабарлады ҚазАқпарат.



Фото: mvd.gov.kz

Ал Алматы облысының арнайы прокурорлар басқармасы КК-тің 146-бабы 2-бөлігі бойынша 7 қызметкерге қатысты тергеу қапасына қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы тағайындалды. Халық сенім артқан құзырлы азаматтардың бұл әрекеті дұрыс болмады.

Жолдасбек ӘШІМХАНҰЛЫ

СҰХБАТ

ОҚУЛЫҚТЫ ОЙЛАНЫП ЖАЗУ КЕРЕК

Жаңа оқу жылы жақын қалды. Білім ордаларына оқулықтардың 40 пайыздан астамы жеткізілген. Алайда сапасы мен қатесі төңірегінде жан-жақты сөз қозғала қойған жоқ. Бірақ кемшілік бары даусыз. Мұны білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің өзі де мойындады. Енді осы қатеден қалай құтыламыз? Кемшіліктерді жоюдың жолы бар ма? Осы төңіректе Алматы қаласындағы Ж.Жабаев атындағы №161 лицейдің тарих, құқық пендерінің мұғалімі Айна Сәденованы сөзге тартқан едік.

Jas qazaq: Айна Жаңабергенқызы, шын мәнінде оқулық төңірегіндегі мәселені шешу соншалықты қиын ба?

А.Сәденова: Еліміз Тәуелсіздік алғалы бері шешілмеген мәселенің бірі де бірегейі — оқулық. Осы сұрақты 30 жылдан бері шыр айналдырып, шырылдап келеміз. Оқулық авторларына қатысты қаншама сын-ескертпе айтылса да ешпене өзгермеді. Қаншама министр ауысты, ал оқулық мәселесі шешілмеді. «Баяғы жартас, сол жартас».

Менінше, авторларға отаншылдық рух жетіспейді. Өйткені болашақты ойлаған, ұрпақ камын күйттеген автор қате жібермес еді. Айталық, бір қате бір баланы емес, миллиондаған оқушыны аластырады. Әрине, кітап құрастырушысы ретінде танымал болған, қомақты қаламақы алған дұрыс шығар. Бірақ ұл-қыздардың алдында ұятқа қалмау бірінші орында тұруы тиіс. Кітапқа ерікті авторларды тарту керек. Шынайы оқулықты солар жазуы мүмкін. Ал тәжірибелі мамандар кітаптың бағыт-бағдарын, қатесін тексерсе, жақсы кітап сонда ғана жарық көреді.

Jas qazaq: Сонда оқулық қалай жазылуы керек?

А.Сәденова: Оқулық — білімнің қайнар көзі. Оқушыға сапалы білім бергіміз келсе, ең алдымен, оқулық дұрыс болсын. Оқулық автордың субъективті көзқарасын білдірмегені жөн. Онда дәлелденген, шынайы мәліметтер жазылу тиіс. Баланың жас ерекшелігі ескерілгені жөн. Ал қазіргі тарих, адам, қоғам, құқық оқулықтары қалай жазылады? Әр кезеңде ғалымдар жазған деректерді сараламай, қойыртып аударып, оқулыққа жаза береді. Кейде не туралы жазылғанын мұғалімнің өзі әрең ұғады. Кейбір оқулықтарда бір параграф 15-16 беттен тұрады. Әрине,



бала ондай оқулықтан шаршайды. Мысалы, тарих оқулығында статистикалық мәліметтер тым көп беріледі. Белгілі бір аймақтың географиялық жағдайы, климаты, әр дәуірдің суреті, музыкасы, әдебиеттегі түрлі ағымдары, олардың өкілдері, жаратылыстану ғалымдары туралы жазудың не қажеттілігі бар? Бұл кемшілік «Адам. Қоғам. Құқық» оқулықтарында кездеседі. Әсіресе 10-11 сынып оқулығындағы хронология 5-8 сынып оқулықтарымен сәйкес келмейді.

Бір оқулықты 7-8 автор жазған жағдай бар. Олар студенттерге оқып жүрген лекциясын қысқартпастан, оқулыққа сала салған сияқты. Жас ерекшелігі ескерілмеген. Оқушыға түк қажеті жоқ мәліметтерді жүйесіз, шұбаланқы тілмен жазған. Батыс философтарының көзқарастары, теориялары, экономикалық терминдер оқушыны әбден жалықтырады. Бұндай оқулықтардан қандай білім алуға болады?

Қазіргі жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының өз бетінше оқып, ізденіп, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытуды көздейді. Оқушы әртүрлі ресурстардан білім алу керек. Бірақ ең маңызды білім көзі — оқулық. Мысалы, қателер негізінен хронологиядан өте көп. Тас дәуірінің әрбір кезеңінің хронологиясы әр кітапта әртүрліше жазылады. Демек, оқулық түзелмейінше, сапалы білім де болмайды.

Jas qazaq: Министрдің пікіріне қалай қарайсыз?

А.Сәденова: Оқулықтардағы кемшіліктерді министр де мойындады. Бас ұстаздың өзі: «оқулықтарды қарап, бірнеше қате таптым. Ең бастысы, мұндай қателіктерге көз жұмып қарауға болмайды», — деді. Мәселен, орыс әдебиеті, физика оқулығында қате өріп жүр. 6-сыныптың оқулығында есептер қате. Бір есепте магнит индукциясы векторының өлшем бірлігіне қатысты есеп шешімі — 0,24 деп көрсетілген. Дұрысы — 0,27. География оқулығында карталарда қате бар. Ағылшын тілі оқулығында мағынасы өзгерген аудармалар бар. Мәтінді сөзбе-сөз аудару жиі кездеседі. Балалар сол бойынша қатеге үйреніп жатыр. Осы пікірді министр айтты. Менінше, оқулықты нағыз мамандар жазып, сараптауы тиіс. Оқулықты ойланып жазуды және қате жібермеуді қадағалайтын министр керек бізге.

— Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Жолдасбек ДУАНАБАЙ



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
58,66



DOLLAR
386.16



EURO
431,61



РУБЛЬ
5,92

ЖАҢА ЖОЛЖҮК САЯСАТЫ





168 SAĖAT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

ОЙСАЛАР

Динара Алатау ауданына қарасты Ұлжан ықшамауданында тұрады. Екі ұлы сол маңдағы мектепте білім алады. Олар оқитын сыныпта 30 оқушыдан отырады екен. Мұның өзі ұл-қыздардың терең білім алуына кедергі келтіреді. Әрі балаалардың ертелі-кеш мектепке қатынауы да оңай емес. Бұл туралы Динара Жәңгірова былай дейді: «Үш ауысымда оқу бала үшін де, ата-ана үшін де өте қолайсыз. Егер екі ауысымды жүйе болса, баламызды түрлі үйірмеге қатыстырып, сабағын оқытуға көбірек көңіл бөлер едік. Үш ауысымда оқуды жою мәселесі қанша көтерілсе де, түйіннің шешілмеуі ойға қалдырады. Білім және ғылым министрлігі осы түйткілді тездетіп шешкені жөн. Бала сабаққа ерте кетсе, кешке дейін не істейді деп алаңдаймыз. Сабағы кеш басталса, үйге аман-есен оралса екен деп отырамыз. Осы үш ауысыммен балалар да мүлде келіспейді».

түсініктеме берген қала әкімі Алтай Көлгінов: «Елордаға адамдар көптеп көшіп келіп жатыр. Миграциялық және демографиялық сальдо оң нәтижені көрсетіп отыр. Қазірдің өзінде Елордада 1,1 млн адам тұрады. Қала халқы тез өсіп келеді», — деді.



жана оқу жылын бастауға дайын. Әкімдерге қойылатын міндет — барлық білім беру ұйымдары жұмысты бастауға 100 пайыз дайын болуы керек», — деді. Мәселені төтесінен қойған үкімет басшысы Шымкент қаласы мен Түркістан облысына оқулықтарды

МЕКТЕП ЖЕТІСПЕЙДІ, ОҚУШЫ КЕЛІСПЕЙДІ

Өте өкініштісі. Бұл елімізде ұстаздарды да, ата-аналарды да аландатып отырған жағдай. Үш ауысымдағы мектептің жойылмау себептері әртүрлі болғанымен, барлық зардабын бірінші кезекте балалар тартуда. Оқуға бірі ерте кетіп, енді бірі кеш оралатын балаларына алаңдаған ата-аналар да маңызды мәселенің түпкілікті шешілгенін қалайды. Амал қанша, бәріміз ойлағандай болмай тұр.

Мәселен, аймақтарды айтпағанда, Нұр-Сұлтан қаласының өзінде мектеп жетіспеушілігі айқын байқалады. Өткен жылы бірінші сыныпқа 18 мың бала барса, биыл мектеп табалдырығын 24 мың бала аттағаны отыр. Білім ордаларында 17 мың орын жетіспейді. Мұның өзі сегіз мектепте балалар амалсыз үш ауысымда оқиды деген сөз. Осындай кемшілікті болдырмау үшін алдағы бес жылда 37 мектеп салынуы тиіс екен. Осы мәселеге

Демек, елордадағы үш ауысымда оқу мәселесі алдағы уақытта да шешіле қоюы қиын. Мұндай үрдіс ел көлемінде орын алып отырғанын айта кеткеніміз орынды. Мысалы, 1 қыркүйекте 405 мың бала бірінші сыныпқа баратынын ойласак, тағы да талай ата-ананың, ұстаздар мен оқушылардың басы қатқалы тұр. Өйткені бұл көрсеткіш былтырғымен салыстырғанда 20 мың балаға көп. Демек, үш ауысымның жыры таусылмайды. Айталық, Алматы облысында 30-ға жуық 3 ауысымды мектеп бар.

Осы аптада Премьер-Министр Аскар Мәмин өткізген жиында әкімдерге жаңа оқу жылына даяр тұруды тапсырып: «1 қыркүйекке дейін аз уақыт қалды. Өздеріңіз көріп отырғандай, шешілуі тиіс шұғыл шаруалар бар. Барлық білім беру ұйымдарының күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары әлі аяқталмаған. Барлық мектептердің 85 пайызы ғана

жеткізу мерзімі кешіктіріліп отырғанын, қаржы уақытында бөлінбегендіктен, Қостанай,

Павлодар, Ақмола, Қызылорда облыстарында оқулықтар қажетті дәрежеде қамтамасыз етілмеуі мүмкіндігін құлаққағыс жасады.

«Жау жағадан алғанда, бөрі етектен тарталының» кері келіп тұр. Жаңа оқу жылында ондаған мектеп үш ауысымда есік ашпақ. Амал қанша, солай болып тұр. Осындай деректердің дымын білдіргісі келмейтін білім саласының білікті басшылары биыл 3 миллионнан аса оқушының ойынан қалай шығар екен?

Бүгін Нұр-Сұлтан қаласында Мемлекет басшысы К.Тоқаевтың қатысуымен білім саласы қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз конференциясы өтеді. Басқосуда үш аусымда оқытатын мектептер мәселесі қозғалары анық.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

Сөз-жебе

Әлихан СМАЙЫЛОВ,

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары-қаржы министрі:



«Меніңше, несиені той жасау үшін алмау керек. Қарапайым несиені бизнес жасауға немесе бір нәрсеге салуға, табысты ұлғайтуға, несиені жабуға алу қажет. Егер сіз алған несиеніңізді жай ғана жарата салсаңыз, өзіңіздің және балаларыңыздың өмірін тығырыққа тірейсіз.

Бұлай жасауға болмайды. Меніңше, көптеген адамдар бір күндік мүмкіндікпен өмір сүреді. Әрине, жұртты құстаналауға болмайды. Алайда бұл мәдениетті біртіндеп өзгерткен жөн. Әлдебір қуанышты атап өту үшін қомақты несие алуға мүлдем болмайды. Егер алатын болсаңыз, оны білім мен бизнеске жұмсаңыз. Тым болмаса, осы қадам табыс табуыңызға жол ашады. Бұл менің өз ойым. Той-несие — жақсы нәрсе емес».

Ашығын айтқанда

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ, білім және ғылым министрі:

«Балалары 6 жасқа толған көптеген ата-ана «Мектепке дайындығымыз жоқ, санау білмейміз, оқи алмаймыз» деп шағым айтып жатады. Ешқандай мектепте 1-сыныпқа барған бала міндетті түрде оқып, жазып, санай білуі керек деген талап жоқ. Мектеп табалдырығын аттаған баланы оқытып, үйрететін арнайы бағдарлама бар. Сондықтан 1-сыныпта оқар өріптерді, санауды, жазуды, оқуды үйренеді».



Әлеумет.т⁰



ПАРАДА ДА ПАРА БАР

Айтса күлесін. Қазір жұрт параны ақшамен емес, затпен беретін болған. Бұрын «ауызбастырықтың» орнына мал бергендер мен тал бергендерді естігенбіз. Тіпті бір ауыл әкімі пара орнына 300 қап тезек алып, жұртқа маскара болған. Ал бұл жолғы параның көлемі де, көмейі де үлкендеу. «Астана Су арнасының» бұрынғы басшысы пара орнына үш бөлмелі пәтер алыпты. Қызметін асыра пайдаланған Уәлихан Досаевты сот осы аптада 7 жылға бас бостандығынан айырды. Өмір бойына мемлекеттік қызметтен де шеттетілді.

Сонда тіршілік нәрін ұсыныда ұстап отырған азамат параны қалай алған? Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, әлгі Уәлихан Досаев «Астана Су арнасы» мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры болып тұрған кезінде «Технополисжилстройдың» басшылығынан аса ірі көлемде пара талап етеді. «Технополисжилстройдың» иелігіне жылжымайтын мүлікті беру туралы қосымша келісім жасау үшін қоластындағы қызметкері арқылы «Жас отбасы — 2» тұрғын үй кешенінен 3 бөлмелі пәтер және 60 мың АҚШ доллары көлемінде ақша алған.

Осыған ұқсайтын тағы бір паракор жыл басында құрыққа өзі түсіп қалды. Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ұлттық тестілеу орталығының екі басшысын пара алғаны үшін темір торға тоғытқан болатын.

Ұлттық тестілеу орталығының бұрынғы бас директорының міндетін атқарушы азамат білім жүйесімен байланысты мемлекеттік сатып алуды жүргізу барысында үлестес компаниялардың мүддесін қорғау үшін бағасы 9 миллион теңге тұратын «Тойота-Камри» автокөлігін пара орнына алған. Ол да жазаланды.

Бөгенайы бөлек тағы бір оқиға. Жыл басында Ақмола облысы Зеренді ауданының әкімі мен оның екі орынбасары пара алғаны үшін құрықталды. Ақмола облысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі хабарлағандай, Зеренді ауданының әкімі М.Мұстафин мен оның орынбасарлары Қ.Жақыпов пен Э.Мұқашев пара орнына мал алған. Әлгі аталған азаматтар жеке компания директорларынан жер телімін жалға алу мерзімін ұзарту және оларға тиесілі емес жер телімде дәнді дақыл егілуіне көз жұма қарағаны үшін 3 миллион теңге сомасында — жалпы құны 1,5 млн теңгені құрайтын 2 жылқы және 3 мүйізді ірі қара алған. Әрине, пара есебінде.

19 маусымда Зеренді аудандық сотының үкімімен М.Мұстафин — 3 жыл, Мұқашев 1 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын алды. Ал Жақыпов 4 миллион теңге көлеміндегі айыппұл төлейтін болды. Осы үш түрлі қылмыстық оқиғада да құлқынды тескен — көк қағаз. Алайда көк қағаз болмады ма, әлде қос тарап есепті мал-мүлікпен айыруды жеңіл көрді ме, әйтеуір пара орнына басқа зат сұраған. Осылайша енді креслода отырған мықтылар параны кез келген нәрсемен ала беретін сынайлы. Абайдың «Түйеде қом, атта жал, Қалмады елге тығындап» деген өлені бар. Пара туралы ғой. Абай заманынан үзілмей келе жатқан бұл дерт түрленбесе, тыйылар түрі жоқ.

Жарас ШӨКЕ



Қызықтан қызықтары

ҚАБУЛДАН КЕРЕКУГЕ СӘЛЕМ!



Әлеуметтік желі жақсы болды. Әсіресе танымайтын қыз-келіншектермен танысып, сөз айтуға. Үйде отырып-ақ бір-біріне сезімін білдіріп, тіпті аңқаулардың ақшасын қағып алуға құштарлар көбейді.

Бір қызығы, таныстық жас талғамайтын болды. Сондай серінің бірі — 57 жастағы павлодарлық әйелге арманы мен сезімін әдемілеп жеткізіпті. Керекулік тәртіп сақшылары хабарлағандай, әлгі әйелдің болашақ жігіті өзін анау-мынау емес, Американың азаматымын деп таныстырады. Қазір Ауғанстанда қызметте жүрмін депті. Жүрек жаулайтын тәтті сөзін интернетпен жеткізген ол кездесуге дайын екенін білдіреді. Тіпті Павлодарға барғысы келетінін де жайып салады. Бірде жолға жиналып, жүктерін Павлодарға жөнелткісі келетінін айтады. Бірақ пошта қызметіне төлеуге қалтасы жұқа екенін жеткізіпті. Бақыттан басы айналған әйел 2550 долларды несиеге алып, аудары салады. Ақшаны алған «жігіті» бұл қаражаттың жеткіліксіздігін айтып, тағы да ақша сұрайды. Содан кейін зым-зия жоғалып кетеді. Алданғанын білген әйел полицияға шағымданған. Қазір «Алаяқтық» бойынша іс қозғалғанымен, алыстағы «күйеуді» табу оңай болмасы белгілі.

1+3

Николай КЕНЕГЕСОВ,

ауыл тұрғыны:

«Қырық мыңды бір алды. Сосын жүз мың кетті. Қалған 5-6 мың бар еді, оны да алып кеткен. Жалпы 150 мыңдай теңгемді жоқ қылған. «Қазпоштаның» Қобладағы қызметкерлерінен көремін. Көретін себебім — ол жерге балдақпен сүйретіліп жеткенімде, «прокуратураға, полицияға бармай-ақ қойыңыз, өзіміз тауып береміз».

Гүлбану МАХАМБЕТОВА, Ақтөбе қаласының тұрғыны:

«Қазпоштадан» 3,5 миллион теңге ұрланған. Күдікті біздің карточкаларымызды жедел әзірлеп, біздің атымыздан ақша алуға өтініш жазған. Бұл туралы журналға да қол қойған. 21 адам зардап шектік».

Тасболат ТІЛЕУМАҒАМБЕТОВ, «Қазпошта» АҚ Ақтөбе облыстық филиалы қауіпсіздік бөлімінің бастығы:

«Бізге камера бәрі бар. Тексеру жүргіздік. Алайда ақшаның қалай, қайда кетіп жатқанын күнде тексере алмаймыз ғой. Күдікті кінәсін мойындады. Қолхат жазып берді. Ақшаны қайтаруы тиіс».

Ашық
әңгіме

Театр мен өнер тақырыбы сыртынан қараған кісіге хрусталдай кіршіксіз, мінсіз көрінері анық. Бірақ өнердің де түйткілі, әлеуметтік мәселесі баршылық.

Оны осы салада жүрген өнер адамдарынан артық ешкім білмейді. Сондай түйткілдердің біразын бүгінгі кейіпкеріміз қопарып айтты. Ашық әңгімеге шақырған қонағымыз – қазақ кино-театр өнерінің ақсақалы, Халық артисі, Мемлекеттік және Жастар одағы сыйлықтарының лауреаты, өнертану ғылымының кандидаты, профессор Тұңғышбай әл-Тарази.



Жас qazaq: Тұңғышбай аға, осыдан бірер апта бұрын Мемлекет басшысымен кездестіңіз. Араларыңызда қандай әңгіме болды, не сұралды, не айттыңыз?

Т.Жаманқұлов: Не айтушы едім?.. Алдыңғы толқын ағалар сияқты, өзіне орден, атак, бала-шағасына қызмет сұрайтын әдетім жоқ. Осыған үйренбеппін. Ондайға аузым бармайды... Мемлекет басшысымен әңгімеде жеке бастың қамын әңгімелеуді ұят санаймын. Өзі біліп, сұрап жатса – әңгіме басқа... Онда да маған өйте қойыңыз, бүйте қойыңыз деп міндетсіну – еліңді де, басшыны да сыйламау деп есептейтін ұрпақтың өкілімін ғой...

Ел арасындағы қалыңдығы білетін басшы, қалауынды сұратпай береді деп ойлаймын. Атак пен орден сұрап, ел-жұртты ығыр қылған ағаларымыз бар ғой. «Анау деп, мынау деп», өзінен басқа ешкім жоқтай, біреуді жамандап, бір шенеунікті мақтап, жағымпазданып жүріп, әйтеуір дегеніне жетіп жүр. Аман болсын. Менің мемлекет басшысынан сұрайтыным – өзім өмірімді арнаған қазақ театр өнерінің қамы мен қалыры... Қазақстанның театр қайраткерлері одағының төрағасы болғандықтан, еліміздегі 56 театрдың тыныс-тіршілігін жақсы білемін...

Өнерпаздарды құл санап, той-томалағыңда ырбаңдатып билетіп, күйлетіп, ән айтқызып, қалған сүйек кеміртіп, жуындыға мөлітіп қойған, ең төменнен орын беретін қоғам – азған қоғам.

Ондағы әріптестерімнің «қара суға зар» әлеуметтік жағдайларын былай қойғанда, шығармашылық аштықтарына қанықпын. Қазаққа сөз бар ғой, «қарағайдай мүйізінді қайтейін, серкелікке жарамасан» деген. Өнер әлемінің қоғам мен ел өміріндегі орнын мемлекет басшысы жақсы біледі... Қазіргі кездері қоғамда орын алып отырған идеологиялық кемшілікті кәсіби өнер иелері толтыратынынан хабардар дегдар адам ғой... Ұйып тындады.. Өнер академиясындағы, кино төңірегіндегі кірбіндер де сөз болды. Бес-алты жыл бойы бірде-бір ұсыныс-тапсырыстарымыз талақ етіліп, күресінде қалған Қазақстан театр қайраткерлері одағын қолдауға тиісті министрлікке құлағдар етемін деген сынай танытты.

Жас qazaq: Естуімше, әртістердің жалақы мәселесін айттысыз. Театр актерлерінің еңбекақысы соншалық аз ба? Былайғы жұрт шетінен асаба, тойдың гүлі, бәрі бай деп жатады.

Т.Жаманқұлов: «Әртіс» деп кекетпенізіші. Сізді «жұрнәліс» деп кемсітпейміз ғой... Сонан соң «артист», «журналист» деп грамматикалық дұрыс жазу білімділігін мысалы. «Арт» сөзі орыс сөзі емес. Латын тілінде «өнер» деген ұғымды білдіреді. Оны домбаздап қазақшалау дұрыс емес. Айтылу мен жазылу туралы орфографиялық ережені аяққа басу – патриоттық емес, керісінше ұлттың интеллектуалдық абыройын түсіру. Жазғандарынды ел оқиды, олар аңқаулықпен е-е, осылай екен ғой деп, жаппай білімсіздікке бет бұрады.

Жас qazaq: Ауыз екі қалыптасып кеткен сөз болғасын айтып отырмын.

Т.Жаманқұлов: Хош деніс! Реті келгенде айтылған базына деп ұғарсыз. Жалғыз сіз емес, мүйізі қарағайдайлар да осыған мән бермей жүр.

Артистердің жалақылары өте-мөте төмен. Бай боп жүрген той өншілерінің де мемлекеттен бөлінетін еңбекақылары түк емес. Олар оны қаперлеріне де алмайды. Қанша екені, тіпті ойларына да келмейді. Есесіне, тойда фонограммамен айтатын екі-үш әнінің гонорарының мөлшерін жақсы біледі. Бұл қызғаныш емес, алсын. Ел беріп жатса, неге алмасын? «Есектің артын жуып та мал тап» дейді ғой, өзбек ағайындар. Бірақ эстрада өншілерінің аста-төк жағдайларымен драма мен кино артистерінің арқа еті арша, борбай еті борша боп жүріп алатын нәпакаларын салыстырудың жөні жоқ. Олардың түгелі дерлік той-томалақта асабалық жасамайды, бірлі-жарымы болмаса... Асабалық та мамандық шығар, оны да қолынан келгені істейді. Бірақ ол актерлік талант емес. Ал актерлік деген ұққанға мамандық емес, ол суреткерлік, яғни орындаушы ғана емес, тудырушы. Ол кейде азаматтық ұстаным да. Қарапайым халық мұны жақсы түсінеді. Тек өнер

=====

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

=====

Т.Жаманқұлов: Рас. Әсілі, керісінше болу керек-ті. Басшы ұжымына бағынып, режиссер актерлерге ұнауы керек-ті. Өйткені ұжымына сыйлылықтан татулық, актерлеріне ұнаудан таза өнер туады. Суреткерлік тандем деген осы. Шығармашылық әлем осындай болса игі! Құс сияқты еркіндікті жақсы айттын. Тордағы бұлбұлдың сайрауы – басқа сайрау,

Облыстық театрлардағы ең жоғарғы айлық – 40 000, төменгісі 20 000 теңгенің үстінде. Әлеуметтік қорғау мен мәдениет министрліктерінің өттері жарылып кетсе де, шындық осы! «Академиялық» деп жүрген министрліктің «бесігіне» бөленген театрларда да ең жоғарғысы – 90 000 теңге! Солай!

жылауға жақын. Тізеге басу – өнерді өлтіру.

Жас qazaq: Рахымжан Отарбаевтың «Актриса» деген әңгімесінде рөл бөлудің қызығы айтылады. Басшының көңілін табу, ебін табу деген сияқты. Бүгінгі театрларда сол «қарым-қатынастар» әлі бар ма?

Т.Жаманқұлов: Бар. Бірақ бәрі басшыға байланысты. Әділдікті әдетке айналдырған басшының айналасында мұндай қарым-қатынас кем. Өнер – жарыс. Озу бар, қалу бар. Аламан бәйге, тай жарыс сынды бел көтерер күресте қарым кемдігі, канат ауқымы әртүрлі. Кейде бап шабады, кейде бақ шабады. Әркімнің көңілі жоғары. Кезек емес кезінді күтерге тау қозғалтпас төзім де керек. «Ал

Ондай мәдениет жоқ менде» деді. Қазіргі өншілер газет түгілі, телеарнаға ұйқысы қанбай, шашы қобырап, тіпті іш киіммен отырып шыға береді. Бұл не: мәдениет пе, әлде жаһандану ма?

Т.Жаманқұлов: Бетімен кеткендік. Әдепсіздік. Білімсіздік. Арзан пиар. Шерағам айтқандай «қазаннан қақпақ кеткені»,

ышқырдың бауы үзілгені. Бірақ бәрі емес шығар, бірлі-жарым жарыместері болмаса. Бибігүл апамдар тектілердің, могиқандардың соны ғой. Мына бір оқиға есіме түсе береді. Ұстазым Хадидша Бөкеева ауруханада тәсілімде жатты. Көңілін сұрай барғанымда, ә дегеннен палатасына кіргізбей, қасында тұрған медбикеге «шашымды түзеп, бетіме опа жақшы» депті. Жан қиналсын көрсетпей, тектілікпен

бақұлдасқаны. Не дейін, қайсыбірін айтайын...

Жас qazaq: Театрда неге екенін жыл сайын белгілі екі-үш адамның ғана пьесасы қойылып жатады. Олардың өзі берерін бергендер. Ойы да ескі. Жастар неге жоқ?

Т.Жаманқұлов: Жастар да бар, бірақ аз. Ойы ескілер де бар, олар көп. Драматургия – асау ат. Үйрету де, үйрену де қиын. Құдай бермегенді сұрап ала алмайтынды ұғыну кемшін. Бұған тағы да сол төбеде отырған басшының өре-қарымы кінәлі. Өзі ұқпайтыңа миы қалай жетсін!

Жас qazaq: Осыдан жиырма-отыз жыл бұрын өнер адамдары туралы түсінік басқаша

«БОЙ ТҮЗЕЙТІНДЕР МЕН ОЙ ТҮЗЕЙТІНДЕР БҰҚҚАН ЗАМАН»

балық, аузыма сал балық» деген міндетсіну дұрыс нәрсе емес. Актерлер қай бәйгеге де суытылып, даяр жүруі де керек. Асыл текті тайбурылдардай әл дорбаға көз салмаған ләзім. Осы жағдайлар жоқ ұжымда Рахымжан марқұм байқаған бәдік мінез етек алатыны хақ.

Жас qazaq: «Театр әртістері ғана емес, қазір өншілер де «төте» жол тауып алған» деген пікірді жуырда композитор Қалдыбек Құрманәлі айтты. «Өнердегі жұлдыздар – бір түндік құрбандар» деген сіздің де сөзіңіз бар. Бір түнде өнші болып шыға келетін талантсыздардың талант құпиясы неде? Құрбандығы не болды?

Т.Жаманқұлов: Таланттылардың да тағдыры тәтті емес. Барынды бағаламайтын, биігінді елемейтін, қымбатын арзанға айырбасталған заманда түлкі бұлтан болмай қоймайды. Бұл – жалпы қоғамның дерті, оны өршітетін министрлер, басшылар. Құпиясы осы. Ал құрбандығы – көрінгенге қолжаулық болған есіл өнер! Өнерпаздарды құл санап, той-томалағында ырбаңдатып билетіп, күйлетіп, ән айтқызып, қалған сүйек кеміртіп, жуындыға мөлітіп қойған, ең төменнен орын беретін қоғам – азған қоғам. Ақырзаман жақындаған сияқты.

Жас qazaq: Актерлер мен шоу-бизнесітегі қыз-жігіттер арасында әңгіме көп. Көгілдірлер мен қызтекелер бар дейді. Осы рас па? Өзіңіз көрдіңіз бе?

Т.Жаманқұлов: Білмеймін, көргем жоқ, кездестірмедім де...

Жас qazaq: Бибігүл Төлегеновадан сұхбат алайын деп хабарластым. Мазасы болмай жатыр екен. «Газетке ғой. Сахнаға шығатындай дайындамай-ақ қойыңыз. Демалып жатып сұхбат берсеніз де болады» дедім. Көңбелі. «Бибігүл деген атыммен төсекте қобырап жатып сұхбат бермеймін.

еді. Жұрттың қошемет-құрметі де ғажап болатын. Жас балалар әртістерге қарап бой түзейтін. Ата-аналары да пәленшедей болсын деп ырымдайтын. Қазіргі ұғым өзгерді. Әртістерге ұқсасын дейтіндер аз. Құрмет-қошемет те төмендеген. Неге?

Т.Жаманқұлов: Бұл жайында шет жағасын айттым-ау деймін... Бой түзейтін дейтін «бойшандар» мен ой түзейтін ойшылдар бұққан заман. Бұққан сайын бұқар боласын, өрге баспаған ойынды тот басалы екен. Аң терісін жамылған басшылардың «шешендігін» де керен болғыр құлағымыз естіп, соқыр болғыр көзіміз көрді- ау! Бірнеше жыл өнердің төбесінде әңгір таяқ ойнаттық! Көңдік. Әй дейтін әже, қой дейтін кожа болмады. «Мұның не?» дегеннің бірі мен

едім, білесіндер. Өзін ғана ойлаған арзандар мен алыпсоқтар жайлаған, ақсақалсыз қалған өнерде қайдан құрмет болсын. Жастардың жаны жадау, үміт жіңішкерген кезден өттік. Үзілмесе игі сол Үміт! Қараспан төне бермес, қара бұлт та ыдырар.

Жас qazaq: Қазаққа ақыл айтатын ақсақал жасындағы өнер адамдарының кейбір мінезін көргенде, яғни қыз-қырқынның әңгімесін айттып, біреудің артына шам алып тұскенін көргенде, қазақ мінезінің өзгергеніне ішін ашды. Олардың арасында акын-жазушылар да бар.

Т.Жаманқұлов: «Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім»... Ермек Тұрсынов інімнің бір айтқаны әлі күнге зәремді алады. Былай деп еді: «Он миллион қазақтың жалғыз ақсакалы бар еді, ұлты неміс, одан да айырылды. Герағамыз, Герольд Бельгер қайтыс болды» деген. Денемді мұз қарыған. Тік тұратын төбе шашым да қалмады.

Жас qazaq: Бұқпасыз, еркін әңгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан Жарас КЕМЕЛЖАН

Қазақы REALISM

ЖАҢБЫРДЫ «ЖАТЫРҚАЙТЫН» ҚАЛА



Нұр-Сұлтан



Алматы

15.08.2019





Анық-қанық

Екі аптадан соң жаңа оқу жылы басталады. Ал ата-аналар баласын мектепке дайындау қамына жаз басталысымен кірісіп кеткен. Өйткені бағасы мен сапасы үйлесетін киім-кешек пен құрал-жабдықтарды түгендеу оңай шаруа емес. Біз биылғы бағаның бағдарын білу үшін Алматыдағы ірі сауда базарына ат басын бұрдық. Байқағаным, саудагерлер де тегіс мектеп формасы мен оқу-құралдарын саудалауға көшкен. Өйткені қыркүйекке дейін осы бұйымдарға сұраныс көп болады.

ОҚУШЫ КИІМІ ҚАНША ТҰРАДЫ?

Базар іші ығы-жығы, сапырылысқан адам. Баласын ерткен ата-ана көп. Мен де баласына киім іздеген ата-анаға ұқсап, киім- кешектің бағасын сұрастырып біраз жүрдім. Осы кезде ақ кофтаны ұстап қызықтап, анасына: «Мама,



осы кофтаны алайыншы, былтырғымды кигім келмейді» деп киғылық салып тұрған 12-13 жас шамасындағы қыз баланың дауысына елен еттім. Анасының қасында өзінен үлкендеу екі әпкесі бар екен. Үш қызына киім-кешек іздеген әйелдің шаршағаны байқалып тұр.

— Койшы қызым, сенің былтырғың жақсы ғой, болмаса Әселдікін киесің.
— Мама, жаңасын алғым келеді.
— Саған кейінірек алайық, бұл жолы Әселге әперейік.

Анасы кіші қызын көндіре алмай әлек. Осы кезде анасын әңгімеге тарттым.

— Кешіріңіз журналист едім, биылғы оқу жылына дайындық туралы жазып жүрмін. Құпия болмаса үш баланызды киіндіруге қанша ақша жұмсадыңыз? — деп жанына жақындадым. Ол бірер секунд ойланyp тұрды да:

— Шамамен 150-200 мың теңге. Үшеуіне жеткіземін деп ойлап едім. Жетпейтін түрі бар.
— Қай жактан келдіңіздер?
— Ұзынағаштан...
— Қайда жұмыс істейсіз?
— Орталық ауруханада мейірбикемін.

Айлығым — 80-90 мың теңге. Жолдасым көлігімен Алматы мен Ұзынағаш арасында адам

тасиды. Қайта сол әкесінің жинаған ақшасымен келдік.

— Былтырғымен салыстырғанда, киім-кешек бағасында айырмашылық бар ма? — дедім әңгімені жалғастырып.

— Иә, менінше, базардағы баға да қымбат сияқты. Былтыр ақ кофтаны 1500-2000 теңгеден алғаным есімде. Биыл сапасына қарай 2500-3500 теңгеден жоғары болып тұр. Кіші қызым Әнел де әпкесінің кофтасын кигісі келмей тұр. Бұларға жыл сайын жаңасы керек. Ама! жок, ренжітпей алып беруге тура келеді, — деп саудагерге қарай бұрылды.

Базардың ішін аралай жүріп, бала-шағасына киім-кешек алып жүрген бірнеше ата-ананы сөзге тартып. Бәріне ортақ «Бір баланы мектепке дайындауға қанша теңге кетеді?» деген сұрақ қойдым.

Меруерт Маратқызы, Іле ауданының тұрғыны:

«Екі ұлымды киіндіруге базарға келдім. Біреуі 7-сыныпқа, екіншісі 5-сыныпқа барады. Үлкен ұлымын өзі мен алып берген киімді жсақтырмайды, өзі таңдап алғысы

келеді. Екеуінің киім кешегіне 100 мың теңгедей алып шығып едім, жетпейтін сияқты. Өйткені әлі оқу құралдары, кітабы, ұсақ-түйегіне де біраз ақша жұмсалайын деп тұр. Оның үстіне ұл бала тез өседі. Былтырғы кәстөмдері кәдімгідей тар.

Жыл сайын жаңасын алып беріп жүрміз. Кәстөмдердің бағасын салыстырып келе жатырмын. Сапасы дұрыстау дегендері 20 мың теңгеден жоғары. Қазір тек екеуіне 4000 теңгеден ақ жейдесін ғана алып бердім. Біраз аралап көремін».

Гүлзира Айтбаева, Алматы облысының тұрғыны:

«Екі қыз, бір ұлымды киіндіруге 150 мың теңге жұмсадым. Шыны керек, бұл қаржы тек киім-кешегіне кетті. Ал қалам, дәптерін шақтап қана алып бердім. Спорт киімдерін алып беруді кейінге қалдырдым».

Әлібек Себепов, Алматы қаласының тұрғыны:

«Қызым алғаш рет мектепке барғалы отыр. Қазір нақты қанша қаржы жұмсағанымызды білмейміз. Жолдасым екеуміз алғашқы құанышымыз болғандықтан, барлығын алып беруге тырысып жатырмыз. Нақты киімдерінің өзіне 70 мың теңгеге жуық ақша жұмсадық. Әлі сөмкесі мен оқу құралдары бар. Меніңше, бір қызымның өзіне 100 мың теңге жұмсалайын деп тұр».

Қаладағы сауда орындарына қарағанда базарға баратындар көп болатыны анық. Өйткені қалта көтеретін жер — базар. Осы базарда сегіз жылдан бері кеңсе заттарын сататын Алмагүл Әуезова кейбір ата-аналардың баласын мектепке дайындау науканын маусым айынан бастап кететінін айтады. Ол: «Бес баласы мектепке баратын «клиентім» бар. Айтуынша, үлкені 10-сыныпта, кенжесі 2-сыныпқа барады. Балаларын мектепке дайындап жүргеніне 4-5 апта болды. Тіпті керек-жарактарының барлығын ерте алып қойды. Осылайша кейбір ата-аналар ерте қамланады. Қазір бағаның көтеріле қоймаған кезі. Қыркүйек жақындаған сайын баға қымбаттай түседі», — делі.

Базардан байқағаным, кейбір ата-аналар балаларына керек-жарағын ертерек алып қойған. Оқу жылы жақындағанда тек қажет-ау деген заттарын алып жүр. Ал кейбірі барлық баласын ертіп алып бастан аяқ киіндіруде. Десек те көпшілігінің қалтасы қалың емес, нарық заманында бірнеше баланы киіндіру ата-анаға оңай соқпасы анық. Базардағы баға болса, жылда осы мезгілде аспанға ұшпай. Төменде мектеп оқушыларына арналған киім-кешектің базардағы орташа бағасын назарларыңызға ұсынып отырмын. Осыған қарап бір баланы мектепке дайындауға қанша қаражат қажеттігін бағамдай аласыз.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

Баға

ҰЛ ➤

МЕКТЕП
ФОРМАСЫ
22000-32000 теңге

•
РЮКЗАК
4500-6000 теңге

•
АҚ ЖЕЙДЕ
4000-5000 теңге

•
АЯҚ КИІМ
8000-12000 теңге

•
СПОРТ КИІМІ
10000-15000 теңге

•
КРОССОВКА
5000-8000 теңге

ҚЫЗ ➤

БАНТИК
100-2500 ТЕҢГЕ

•
АҚ КОФТА
2500-4500 ТЕҢГЕ

•
РЮКЗАК 4500-6000

•
МЕКТЕП ФОРМАСЫ –
18000-25000 ТЕҢГЕ

•
АЯҚ КИІМ
8000-15000 ТЕҢГЕ

•
СПОРТ КИІМІ
8000-15000 теңге

•
КРОССОВКА
5000-8000 теңге

Дереккөзі: Базар бағасы

Серпіні

2018 жылы «Самұрық-Қазына» трансформациялау және цифрландыру бағдарламаларының тиімділігін арттыру үшін қос бағдарламаны біріктірді. Оның арқасында 2018 жылы таза пайданың көлемі 28 млрд теңгені құрады. Биыл бұл көрсеткіш 40,7 млрд жетеді деп күтілуде. Бұл туралы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-да өткен Модернизациялау жөніндегі кеңес барысында белгілі болды, деп хабарлайды компанияның баспасөз қызметі.

ЦИФРЛАНДЫРУҒА СҮБЕЛІ ҮЛЕС

Кеңес отырысын ашқан «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов трансформациялау бағдарламасы өткен жылы айтарлықтай өзгерістерге ұшырағанын атап өтті. Дәлірек айтсақ, Қор трансформациялау және цифрландыру бағдарламаларын біріктіріп, оларды тиімді бір бағдарламаға айналдырған.

Сонымен бірге Қорға қарасты компаниялардың бизнес-процестерін жақсартуға бағытталған жобалар қатаң тәртіппен іріктеле бастады. Бұл жұмыстардың алғашқы нәтижелері де жоқ емес. Мысалы, 2018 жылы таза пайда 28 млрд теңгені құраса, 2019 жылы жобалардан түсетін таза пайда 40,7 млрд теңгеге жетеді деген болжам бар.

«Өткен жылы қорға қарасты қоржындық компаниялармен пікір таластырдық. Өйткені, олар күтілетін нәтижелердің зор екенін айтып, сол



Жиында компаниялар цифрлы трансформациялаудағы негізгі жобаларын таныстырды. Мәселен, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай өңдеу зауыттарындағы жөндеуаралық кезеңді ұзартатын жобасын; «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ тасымалдау құжаттарын қағаз түрінде рәсімдеу әдісінен электронды форматқа ауысу жобасын; «Қазпошта» АҚ «Қазақстан Республикасында В2В2С қызметтерін дамыту» жобасын таныстырды. Жалпы, жаңартылған бағдарламаға 56 жоба мен 98 іс-шара енген.

Кенеске қатысқан Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Асқар Жұмағалиев «Самұрық-Қазына» қорының Қазақстанның цифрландыру бағдарламасындағы негізгі ойыншылардың бірі екенін атап өтті. «Қордың цифрландыру жөніндегі жобалары амбицияға толы және мен ол жобалардың ел экономикасын цифрландыруға қосатын үлесі зор екеніне сенімдімін», — дейді министр.

Естеріңізге сала кетейік, былтырғы осындай кеңесте «Самұрық-Қазына» басшысы Ахметжан Есімов трансформациялау бағдарламасын қорға қарасты қоржындық компаниялардың бизнестегі міндеттеріне барынша сәйкестендіруді, «аудалан» алынатын цифрларды азайтып, трансформациялау арқылы әрбір компанияның табысын көбейтетін жаңа шешімдер табуды тапсырған болатын.

Талап ТІЛЕГЕН

Өсім

ЭНЕРГЕТИКА
(2019 жылғы қаңтар-шілде)

МҰНАЙ ӨНДІРІСІ – 52,23 МЛН Т

Оның ішінде:

Қашаған – 7,2 млн т
Төңіз – 17,5 млн т
Қарашығанақ – 6,9 млн
Жоспардың орындалуы – 101,2%

ӨНДЕУ КӨЛЕМІ – 9,58 млн т (3,1%)

Бензин – 10,8%
Дизель отыны – 7,8%
Авиаотын – 2,2 есе артты

ЭКСПОРТ (ай сайын)

АИ-92 маркасы – 70 мың т
АИ-95 – 15 мың т

ГАЗ

Өндіріс – 33,1 млрд текше метр
Жоспардың орындалуы – 101,8%
Тауар газын өндіру – 19,6 млрд текше метр (104,8%)
Ел ішіндегі газдандыру – 49,7% (9 млн адамға қолжетімді)

Дереккөзі: ҚР Энергетика министрлігі

Бензин

Елімізден автокөлікпен мұнай өнімдерін сыртқа тасымалдауға тыйым салынуы мүмкін. Осыған қатысты бұйрықтың жобасы «Ашық нормативтік актілер» порталында жария етілді.

ОҢ ШЕШІМ

Онда ел аумағынан бензобақтағы отын және қосымша 20 литрден басқа көлемде жанармай әкетуге тыйым салу керектігі айтылған. Еске түсірсек, биылғы жылдың сәуір айында дизель отынын автокөлікпен сыртқа тасымалдауға тыйым салынды. Ол 8 сәуірден бері әлі де күшінде. Бұл шешімнің отандық фермерлердің мүддесі үшін қабылданғаны белгілі.

Ендігі кезек жанармайға да келген сияқты. Өйткені көрші елдерде бензин бағасы бізге қарағанда қымбат. Сондықтан энергетика министрлігі ел ішінде бензин тапшылығын болдырмау мақсатында осындай қадамға баруға мәжбүр.



Сұхбат

Еліміздің астанасы күн санап көркейіп, аумағы да кеңеюде. Мұнда еліміздің түкпір-түкпірінен де, тіпті әлемнің өзге елдерінен де жұмыс іздеп келетіндер аз емес. Қарапайым мысал ретінде құрылыс саласын айтайық. Осында қаншама шетелдік құрылысшылар жүр. Бұған қоса, қала ішінде немесе сыртында орналасқан сауда орталықтарында сауда жасап жүргендердің бір бөлігі – өзге елдің азаматтары. Ал олардың арасында еліміздің көші-кон тәртібіне бағынбай, заңды бөден басып жүргендер кездесе ме? Оларды тергеп-тексеру мен тиісті шара қолдану тиісті жемісін беріп жатыр ма? Жалпы, көші-кон қызметінің жұмысы қандай? Осы және өзге де сұрақтар Нұр-Сұлтан қаласы полиция департаменті көші-кон қызметі басқармасының басшысы Арман Баймұхаметпен сұхбаттастық.



— Арман Робертұлы, ел астанасында көші-кон мәселесі қалай шешіліп отыр? Заң талаптарына сай қалай әрекет етіп жатырсыздар?

— Қазіргі уақытта елімізде қалыптасқан қолайлы әлеуметтік-экономикалық ахуал республикамызға, оның ішінде ең бірінші кезекте астанамызға жақын және алыс елдерден келетін азаматтар үшін жағдай жасайды. Әрине, Нұр-Сұлтан қаласына жұмыс бабымен келетіндердің заң жүзінде атқаратын бірнеше жұмысы бар. Алдымен, өзі қызмет етуге келген мекеменің иесі шетел азаматтарының елімізде болу құқығына арналған құжаттарын рәсімдеу жөнінде уақтылы шаралар қабылдауы, ішкі істер органдарына өздерінің көшіп келушілері туралы уақтылы хабардар етуі, сондай-ақ шетел азаматтарының елден кетуін белгілі бір мерзім өткеннен кейін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл өз кезегінде қала ішіндегі тыныштықты, тұрақтылықты қамтамасыз етіп, құқықбұзушылықтың да,

қажет: шетелдіктің жеке басын куәландыратын жарамды құжаты, шекарадан өткені туралы белгісі бар көші-кон картасы, уақытша тіркеуге тұрғанын дәлелдейтін құжат және жеке істері бойынша елорданың көші-кон қызметі бөлімшелерінде 30 күнге дейінгі мерзімге тіркеу. Ал Өзбекстан, Тәжікстан, Әзірбайжан елдерінен келген азаматтар үшін мынадай құжаттар талап етіледі: көшіп келушіге рұқсат беру (*ұзарту*) туралы өтініш-сауалнама, мемлекеттік шекарадан өткендігі туралы белгісі бар жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, №086/у бойынша медициналық анықтама, саусак ізін түсіріп, дактилоскопиядан және суретке түсуден өткені туралы анықтама, сондай-ақ алдын ала төлем жұмыстарын жүргізгені туралы түбіртектің көшірмесі талап етіледі.

жарым жыл ішінде Нұр-Сұлтан қаласына 100 мыңға жуық шетелдік азамат жұмыс істеу мақсатында келсе, мыңдаған азаматқа бүгінге дейін заңсыз әрекеті, құқықбұзушылыққа жол бергені үшін 10-30 АЕК көлемінде айыппұл салынған.

— Қалада құрылысшылар да, саудагерлер де көп. Олар тұрақты тексеріле ме?

— Заңсыз әрекетке жол бермей, оған жиі тосқауыл қойып отырамыз. Бізде «қылмысқа нөлдік төзімділік» қағидаты қалыптасқан. Рас, жақында Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов ел астанасында жыл сайын екі миллион шаршы метрден астам тұрғын үй қолданысқа берілетінін, онда 65 мың құрылысшы еңбек етіп жүргенін мәлім еткен. Осы орайда, олардың заңсыздыққа жол бермегені тұрақты түрде тексеріліп жататынын айта кетейін. Тіпті жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Жасырмаймыз, мұндай рейд кезінде көші-кон заңнамасында көрсетілген талаптарды орындамайтындар табылады. Оларды жауапкершілікке тартып, сот үкімі бойынша тиісті жазалар қолданамыз.

Шетелдіктер үшін ең лайықты жаза — ел аумағынан шығарып жіберу. Осы орталық ашылған бір жарым жыл ішінде мыңға жуық шетелдік азаматқа осындай қатты жаза қолдандық.

— Өткен жылдың соңына таман Біріккен Ұлттар Ұйымы әлем бойынша 40 млн адам құлдықта жүргенін, ХХІ ғасыр болса да адам саудасы астыртын жүргізіліп жатқанын хабарлап, дабыл қакты. Ал Нұр-Сұлтан қаласында...

— Ойыңызды түсіндім, біздің қалада құлдықта жүргендер бүгінге дейін кездескен емес. Адамның құқығын таптауға жол бермейміз. Біз жиі-жиі тексеру ұйымдастырамыз. Бәрінің құжаты, уақытша тіркеуде тұрғаны тексеріледі. Бірақ олардың арасында бас бостандығынан айырылып, құлдың күнін кешіп жүргендер жолықпады. Жолықпай-ақ қойсын деп тілейік!

Бұл елорданың қауіпсіз қала екенінің белгісі. Біздің мекеме барынша ашық жұмыс істейді. Ал егер қандай да бір шағым, тұрғындардан өтініші түссе, дереу сол мезетте істің мән-жайын анықтаймыз.

Нұр-Сұлтан қаласы — еліміздің айнасы деуге болады. Сондықтан мұнда тәртіп тыныштығы сақталуы тиіс. Көші-кон заңын бұзған кез келген азамат жауапқа тартылады. — Өңіміңізге көп рахмет!

Игілік

Бүгінде мемлекеттік органдардың қалай, қаншалықты жұмыс істеп жатқаны жұрттың көз алдында. Солардың бірі — полиция қызметі. Сала мамандары тәртіп пен тыныштықты қамтамасыз етумен бірге, қысылған жандарға дер кезінде көмек беруді басты міндеттері санайды. Тәуеліктің кез келген уақытында көмекке даяр тұратын тәртіп сақшылары жұртқа жақсылық жасаудан да тартынып көрген емес. Шын мәнінде адамның бай болуы, әдеттегі жалақымен күн көріп отырған жұрттан табысы көп болуы шарт емес. Ең бастысы — ол адамның өз қалауына байланысты. Жағдайы төмен жандарға көмектесуге деген құштарлығында. Бүгінде еліміздің қай қаласына барсақ та, қамқорлық пен қолдауға мұқтаж болған, мейірімді кісілерден жылу күтетін жан аз емес. Елге шарапатын тигізуге асығатын азаматтар қатарынан мемлекеттік қызметкерлерді көруіміз де жүрекке жылу оятады. Біз мұны қалалық полиция департаменті қызметкерлерімен бірге рейдтік шығу барысында байқадық.

Осыдан бірнеше күн бұрын Нұр-Сұлтан қаласындағы полиция департаменті де игілігі мол іс бастап, қаладағы бірнеше отбасыға жәрдем еткені туралы хабарға көзіміз түсті. Содан істің мән-жайын білмек болып, департаментке қонырау шалғанымызда, бұл полицейлердің үйреншікті үрдісіне айналып келе жатқан іс екен білдік. Сол арада ілешала бірге шығып, болған оқиғаны әрі мемлекеттік орган қызметкерлерінің жұмысын өз көзімізбен көруге келістік.

Содан келісілген Құрбан айттың алғашқы күні полиция департаментінің бірнеше қызметкерімен бірге жолға шықтық. Олардың арасында полиция департаменті Сарыарқа ауданы бастығының бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Канат Жұмағалиев, бөлім қызметкерлері Берік Уақбаев, Марат Өмірбаев, полиция аға лейтенанты Айнұр Сағындықова, инспектор Эльмира Шәуленованамен бірге сауабы мол шараға қатыстық.

Ең алдымен мал базардың біріне барып, шариғат амалымен мал сойдық. Бұл тәртіп сақшыларының өз орталарында жиналған ақшаға сатып алынған қойы болды. Ал жағдайы төмен отбасылардың тізімі мынадай жолдармен жасалады екен. Оны бізге полиция департаментінің инспекторы



Эльмира Шәуленова кеңінен баяндап берді. Айтуынша, бас қаламызда жағдайы төмен отбасыларды полицейлердің өзі анықтайды. Ол: «Бізде тәртіп сақшыларының көбі жаяу жүріп, өздеріне бөлінген қала ішіндегі аумақтарды аралайды. Сондай шақта бұзақылық жасаған әрі көмелеттік жасқа жетпеген балалар жиі табылып жатады. Әдетте бала теріс әрекетке еш себепсіз бармайды. Оның тұрмыс деңгейі нашар болуы, әке-шешесінің ажырасып, олардың ішімдікке салынып кетуі әбден мүмкін. Қараусыз қалған баланың қарны тоймай, аш жүреді. Міне, осындай дұрыс ортада өмір сүрмеген ол әдетте заңсыз жолмен қарнын тойдыруға немесе ақша табуға ұмтылады. Ал үйіне барсақ, біздің ойлаған жорамалымыз көбіне дәл шығып жатады. Негізінен, әке-шешесінің алкогольді ішімдікке салынып кеткенін байқаймыз. Мұндай балаларды табуда 18 жасқа толмағандардың ісімен айналысатын ювеналды полицияның көмегі зор», — дейді.

Бұдан кейін ол отбасы назардан тыс қалмай, тіркеуге алынып, ұдайы бақылауда тұрады. Арасында үйіне барып қандай тамақ ішетінін, сабақ үлгерімін, әке-шешесінің ішімдікті қаншалықты көп ішетінін тексеріп тұратын көрінеді.

Полиция департаментінің инспекторы Эльмира Шәуленова «Әрбірімізге жоғарыда айтылғандай, жағдайы төмен отбасыларды бөліп берген соң, оларды ұдайы бақылауда ұстауымыз керек. Бұл — тәртіп сақшысы ретіндегі алғашқы міндетіміз. Бірде мынадай жағдай болды. Өз

басымнан өткен оқиғаны айтайын. Қыстығүні далада жұқалтқан киінген 10 жастағы баланы кездестірдім. Үстінде күздік күртеше, аяғына жазға арналған мокасын киіп алыпты. Тонғанынан дірдектеп тұр.

ЖОҚ-ЖІТІККЕ ҚОЛ СОЗЫП ЖҮР

сол арада қалдырып кетсем, тірі қалуы екіталай еді. Содан не керек, департаментке хабарласып, қосымша көлік шақырттым. Бес баланы Нұр-Сұлтан әкімдігіне қарасты көмелетке толмағандарды бейімдеу

отбасыға жәрдемдесіп тұрамыз», — дейді.

Құрбанға шалынған малдың етін, одан бөлек, аздаған ақшаны тапсырған соң көлігімізге мініп, екінші отбасыға қарай жол тарттық. Жолай полиция департаментінің қызметкерлері бастарынан кешкен оқиғаларымен бөлісіп жатты. Бас қаламызда әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың аз еместігі, оларға көмек қалай көрсетіліп жатқаны айтылды.

Біз барған екінші отбасының да жағдайы төмен. Тек мұнда төрт бала бар. Қаланың он жағалауындағы көпқабатты үйлердің бірінде бір бөлмелі құжыраны жалдап тұрады. Үйдің аумағы шамамен 12-13 шаршы метр. Әкесі туралы ақпарат жоқ. Анасы жалғыз өзі әр жерде жұмыс істеп, табыс табады. Бірақ оның да жалақысы мардымсыз. Жүрегі мейірімге толы жандардың көмегіне мұқтаж. Үйдің шығып бара жатқанда тәртіп сақшыларының мұндай көмегін көрген балалар сабағына асқан ұқыптылықпен қарауға, болашақта білікті маман иесі болып, еліміздің өркендеуіне үлес қосуға уәде берді.

Полицейлердің бұл күнгі жоспары осымен аяқталды. Енді бірер аптадан соң тізімде тұрған отбасыларға жәрдем көрсету ойда бар. Қайырымдылық жасасан, қайырымын өзін көресін. Мемлекеттік органда қызмет ететін полицейлердің сауапқа мол ісі өзге жұртқа да үлгі боларлықтай. Әркез жүрегіміз кенпейіліміз ақ болып, жақсылық жасауға ұмтылайық...

Бетті дайындаған
Ғабиден ДОСЖАН



Көлігімізге отырғызған соң үйіне алып барып, анасымен сөйлесек, ұлының, тіпті мектепке бармайтынын айтып таң қалдырды. Мән-жайды сұрай келе, күйеуімен ажырасқанын, оның алимент төлемейтіні белгілі болды.

орталығына алып бардым. Көз алдымда бес баланы

киіндіріп, тамақ берген соң жылы бөлмеге жатқызды», — деп көңілі жабырқап қалды.

Ол сөз арасында көмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына тапсырылған баланы үш айда ешкім

SHARAPAT



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



www.jasqazaq.kz

AIMAQ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru



Түркістан облысында нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы сәтті іске асуда. Әсіресе кәсіпкерлікті қолдауға көрсетіліп жатқан орасан зор шаралар осы салаға бет бұруға ықыласты шаруалардың қатарын көбейтті. Қазір аймақта қарап отырған жұртты көрудің өзі қиын. Сондықтан да болар халықтың келешектен үміті зор. Әлеуметтің әлеуеті бұрынғыдан да жақсара түсетініне сенімді. Ынтымағы мен достығы жарасқан мекеннің халқы да мейірімді әрі еңбекқор. Кәсіпкерлікке бейім. Өңірде ауыл шаруашылығымен бірге өнеркәсіп саласы да қарқынды дамуда. Аймаққа қаржы құюға ниетті кәсіпкерлер қатары да артқан.

ОЗЫҚ ЖОБАЛАР ОЛЖАҒА АЙНАЛДЫ

Облыс орталығында 40 гектар жерді алып жатқан индустриалды аймақта нәтижелі жұмыс жетерлік. Келешекте 15 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Қазірдің өзіне 7 жоба іске қосылып, өндіріс жұмысы қарқын алған. Шаһарда заманауи талаптарға сай жабдықталған сауда орталықтарының да қатары көбейген. Тіпті тәулік бойына ашық тұратын базарлар бар. Бұл тұрғындардың бұйырған нәпакасын тауып жеуіне септігін тигізіп келеді.

Бүгінде облыстың өндіретін өнімі 77 млрд 197 млн теңгеге жеткен. Негізгі капиталға 18 млрд 951 млн теңге инвестиция тартылды. Осының нәтижесінде кәсіпкерлік нысандардың саны 13 мыңға жетіп, 33 мың адам жұмыспен қамтылды. Қысқасы, алда толағай табыстар күтіп тұр.

Сонғы жылдары облыс орталығында жиіаз шығару ісі жедел дамып келеді. Әсіресе осыған дейін шеттен тасымалданып келген бірқатар бұйымдар қала ішінде шығарыла бастады. Бір ғана мысал, қазіргі уақытта жиіздың 40-қа жуық түрі жасалады. Фабрика басшысы Ұйғын Әбішев қызметкерлердің шеберлігін шыңдау үшін Түркия мен Италиядан арнайы мамандар шақырылып, олар өз тәжірибесін үйрететіндігін айтады. Кәсіпорындағы бірнеше цехта 100-ден аса маман жұмыс істейді. Ал жаңа технология Қытай мен Германиядан алдырылған. Ол: «Өнім еліміздің барлық өңірінде сатылады. Қазір негізінен техника жұмыс істеп жатыр. Жұмыс 90 пайыз автоматтандырылды. Сапа жағынан Беларусь пен Украинаны қуып жеттік. Ешқандай арыз-шағым жоқ. Өзімізден



сұраныс жеткілікті. Былтыр 120 миллион теңгенің өнімін өндірілдік. Биыл жиізды одан да көп шығармыз», — дейді.

Ал жергілікті тұрғын Еркебай Жыңғылбаев 4 жылдан бері құрылыс пен шаруашылыққа қажетті темір тор шығарумен айналысады. Кәсіпкердің айтуынша, дайын өнімге сұраныс өте көп. Ендігі көздегені жаңа құрылғылар сатып алып, өнім көлемін еселей түсу. 3D торларды жақын арада шығарып, отандық өнімді дамыту. Жастарды көптеп жұмысқа тарту.

Еркебай былтыр индустриалды аймақтан жер алып, үлкен ғимарат салыпты. Қазір мұнда сылақ пен қалауға және үлкен аумақты қоршауға арналған тор шығарылады. Кәсіпорын жылына 112 млн теңгенің өнімін өндіруге қауқарлы. Дайын өнім көрші отырған Қырғызстанға жөнелтіледі. Ендігі мақсат — үкіметтің қолдауына ие болып, грантқа ілігу. Кәсіп ауқымын кеңейтіп, өнім көлемін ұлғайту.

Шаһарда шағын және орта бизнеспен айналысатын 10974 нысан тіркелген. Соңғы 5 айда олар 24 миллиард теңгенің өнімін өндіріп, бюджетке 292 млн теңге салық құйған. Әрі 26 мыңға жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Сондай-ақ биыл қаржы ұйымдары арқылы 306 млн теңгеге 51 жоба қаржыландырылған.

Жалпы, Түркістанда кәсіп ашықсы келетін азаматтардың саны өткен жылмен салыстырғанда екі есеге дейін өскен. Көбі дайын жер болса, іс бастауға әзір отыр. Бұл туралы қалалық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Гүлжамал Даханова: «40 гектар жерге орналасқан индустриалды аймақты 310 гектарға ұлғайту жұмысы жүріп жатыр. Ол енді халықаралық деңгейдегі индустриалды аймаққа айналады. Жер тек отандық кәсіпкерлер емес, жалпы шетелдік инвесторларға жағдай жасау үшін әзірленіп жатқан жоба», — дейді.

Қазір аумақта 39 кәсіпорын жұмыс істейді. Оның 7-уі тамақ өндірісіне қатысты, 2-уі тоқыма бұйымдарын, ал 4-уі киім-кешек өндіреді. Сондай-ақ резеңке мен пластмасса бұйымдарын өндіретін, металл емес минералды өнімдер шығаратын және жиіз жасайтын цехтар да бар. Сонымен қатар су, жылу және электр құрылғыларын шығаратын, машина

жасайтын кәсіпорындар жұмыс істеп тұр. Айта кетейік, индустриалды аймақтың құрылысына республикалық бюджеттен 4 миллиард, ал облыстық қазынадан 1,4 миллиард теңге қаржы бөлінген. Индустриалды аймақ толық іске қосылғанда, Түркістан қаласы нағыз өндірістік шаһарға айнамақ.

ҚЫРҒЫЗДАРДЫ ДА ҚУАНТҚАН

Түркістанда түйе сүтін өндейтін «Golden Camel» зауыты іске қосылғалы бері шұбатқа қажеттілік артты. Шығаратын өнім түрлері — түйе сүтінің ұнтағы, жүні, еті, косметика, йогурт. Зауытта 125 адам жұмыс істейді. Кәсіпорынның өндірістік қуаты тәулігіне 100 тонна, қазіргі уақытта зауытқа келіп жатқан сүттің көлемі 4-5 тоннадан артпайды. Яғни халықтық тұтынудан артылған сүт көлемі, зауыттың тәуліктік өндіріс қуаттылығының 4,2% ғана қамтамасыз етеді. Өндіріс қуатын толық көлемде іске қосу үшін (тәулігіне 100 тонна) өңірде кемі 81,6 мың бас түйе, оның ішінде аналығы 50 мың бас болуы қажет. Әрбір аналықтан, сауын мерзімінде күніне

ЖҰРТ КӘСІПКЕРЛІККЕ БЕЙІМ

4 литрден сүт алғанда, тәулігіне 200 тонна сүт өндіруге болады.

Сондай-ақ түйе шаруашылығын «Golden Camel» зауыты төңірегіне шоғырландырып, мал басын көбейту қолға алынбақшы. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін арнайы түйе санын көбейту бойынша «2019-2022 жылдарға арналған «Жол картасы» бағдарламасы жасалды. Егер 54,5 миллиард теңге қаржы бөлінсе, мемлекеттік қолдау шаралары мен зауыт тарапынан да ынталандыру механизмдерін қарастырылса, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ облыстық филиалы және

мал басын көбейту қолға алынбақшы. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін арнайы түйе санын көбейту бойынша «2019-2022 жылдарға арналған «Жол картасы» бағдарламасы жасалды. Егер 54,5 миллиард теңге қаржы бөлінсе, мемлекеттік қолдау шаралары мен зауыт тарапынан да ынталандыру механизмдерін қарастырылса, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ облыстық филиалы және

қаржы институттарымен бірлесіп, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы негізінде және басқа да несие желілері арқылы түйе шаруашылығын қаржыландыру механизмдерін әзірлеп, Даму қоры арқылы несиелендіру мен кепілдендіру бағдарламаларын іске қосуға болады.

Айта кеткен жөн, өндірісте жергілікті шаруа қожалықтарының шикізаты пайдаланылады. Бұл үшін кәсіпорын 45 шаруа қожалығымен келісімге келген. Олар Түркістан мен Түркістан облысының барлық аудандарынан сүт жеткізіп тұрады. Тәулігіне 100 тонна құрғақ сүт өндіру жоспарланды. Мұндай көлемде өнім өндіру үшін 29 мың түйенің сүті керек. Ал жылдық өндіріс көлемі 2,5 мың тонна деп жоспарланды.

Өндірісті өркендету үшін түйе шаруашылығын дамыту арқылы әлеуметтік жағдайы төмен немесе жұмыссыз отбасылардың айлық кірісін 300-500 мың теңгеге ұлғайтуға болады екен. Шамамен 3000-ға жуық жұмыс орны ашылып және салық төлеу арқылы жергілікті бюджетке кіріс артып, аймақтың экономикалық жағдайына оң ықпалын тигізеді анық.

Жергілікті кәсіпкерлер қазірден бастап «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының облыстық филиалына жылдық мөлшерлемесі 5 пайыздық және мерзімі 7 жылды құрайтын жеңілдетілген несиеге өтінім бере алады. Мемлекет ауыл шаруашылық және өңдеу

тартқандықтарының себебін анықтап, үнемі мониторинг жүргізілмекші.

Қазіргі таңда бағдарлама жұмысына басым бағыт беріп, түйе шаруашылығын дамытуға ықыласты тауар өндірушілердің тізімін анықтап, түйе өсіруші шаруашылықтардың анықтамалық төлқұжаттарын дайындап, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ облыстық филиалы басшылығына сатып алынған түйелерді кепілдікке қою мәселесін шешу бойынша ұсыныс жасалды. Қаржыландыруға қол жеткізу



үшін кәсіпкер қаржы желілеріне өтінім жіберіп, бағалау және мақұлдаудың қажетті шараларынан өтіп, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорына жүгінуі қажет.

Қорыта айтқанда, аталған зауыт арқылы табыс табудың жаңа мүмкіндіктері жеткілікті. Осы орайда құзырлы орындар мен кәсіпкерлер қызу жұмыстар жүргізіп жатыр. Ал айырқалпақты ағайындар қазақтың шұбатын ішуге қатты құмартып отыр.

КЕНТАУДА КӨРСЕТКІШ ЖОҒАРЫ

Кентау қаласында «Яссы-құс» фабрикасы жылына 16 миллионнан астам жұмыртқа өндіреді. Шаруа қожалығы жұмысын 2016 жылы бастаған.

Фабрикада 18 адам тұрақты жұмыс істейді. Орташа жалақы — 45000-50000 теңге аралығында. Қожалықта 4 жұмыртқа басу цехы мен құрама жем сактайтын қойма бар. Жобаның құны — 198 миллион теңге. Қазіргі таңда голландиялық «Лабраун» тұқымдас 50 мың тауық бар. Фабриканың айлық қуаттылығы 1350000 дана жұмыртқа өндіруге жетеді. Ал жылына 16200000 дана жұмыртқа шығаруға қауқарлы.

Статистикаға сүйенсек, қала тұрғындары жылына 10 миллион наладан астам жұмыртқа тұтынады. Бүгінде соның 50 пайызын «Яссы құс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өндіруге. Кәсіпорын қазір 20 мыңнан астам тауық ұстайды. Күніне 20 мыңдай жұмыртқа нарыққа шығарылады. Мұнда 20-дан астам тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылған.

«Кәсіпорын 2016 жылы іске қосылған. Содан бері жұмыс істеп келеміз... Қазір екінің кезегін іске қосу үшін жұмыстар жүргізіп жатырмыз», — дейді «Яссы құс» ЖШС-нің өкілі Бакадыр Әбдукадыров.

Бүгінде түркістандықтар тұтынатын ауыл шаруашылығы өнімінің басым бөлігі қала аумағында өндіріледі. Атап айтқанда, жұмыртқаның — 70, сүт өнімдерінің 80 пайызы жергілікті серіктестіктердің еншісіне тиесілі. Ал ет, бақша өнімдері сұраныстан артық өндіріліп, шетке экспортталуда. Осындай жетістіктердің барлығы жұрттың кәсіпке бейімділігі мен іскерлігіне келіп тіреледі.

ОРДАБАСЫНЫҢ ОҢ ЖОБАЛАРЫ

Қазіргі кезде аймақтағы аудандар арасында өзара бәсеке басталғанын бірден аңғарасыз. Қайда барсан да қарбалас жұмыс, қызу тіршілік. Осы орайда Ордабасы ауданының жұлдызы жанып тұр. Көш бастаған аймақта 2019-2021 жылдар аралығында 10 жоба іске асырылып, 904 бос жұмыс орындары ашылмақ. Ауданда кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм саласы бойынша даму тұжырымдамасы әзірленген. Бүгінде өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасы аясында 2018 жылы инвестиция көлемі 2 449 миллион теңгені құрап, 116 жұмыс орны бар 3 жоба іске қосылды.

2019 жылдың 5 айында шағын және орта кәсіпкерлік саласында белсенді жұмыс істейтін 10476 нысан тіркелген. Қантар-ақпан айында шағын және орта бизнес субъектілерімен өндірілген өнім көлемі 13 миллиард 73 миллион теңгені құраған. Шағын несие ұйымдары арқылы 1597 адам 1 миллиард 98 миллион теңгені игеріп отыр. Сондай-ақ ауданда, 2019-2021 жылдар аралығында инвестициялық құны 171 миллиард 377 миллион теңге құрайтын «Жобалық басқару кеңсесі» жобасы аясында 904 жұмыс орны бар 10 жоба іске асырылады деп күтілуде. Оның ішінде өнеркәсіп саласы бойынша — 2 жоба, экспортқа өнім өндіру — 2 жоба, инвестициялық — 1 жоба, шағын кәсіпкерлік саласында — 3 жоба және туризм саласында бойынша 2 жоба іске асырылмақшы. Сонымен қатар «Қарапайым заттар экономикасы» жобасы бойынша 26 жоба електен өткен.

Ордабасы ауданы өндірістік дамуы жанынан Түркістан қаласынан кейін 2-орында тұр. Бірінгі күнге 37 жоба қаралып, оның ішінде 21-і мақұлданып, 13-і жүзеге асырылуда.

Өндірісі дамып, кәсіпкерлікті жолға қойған түркістандықтар болашақта нағыз қазына орталығына айналары сөзсіз. Мұнда кез келген тауарды шығаруға мүмкіндік бар және халық та шаруаны дөңгелетіп әкетуге бейім.

Нұрбак ЕДІПЕ,
Түркістан облысы

TURKISTAN – АЛТЫН АЙМАҚ

іскерлік орталық – 1350 гектар және екі аумақтан құралған өндіріс аймағы 400 гектар. Сонымен бірге «Investor House» құрылыс нысанын салу туралы шешім қабылданды. Онда «TURKISTAN» АЭА» басқарушы компаниясы АҚ, «Turkistan Invest» АҚ, «TURKISTAN» ИА» басқарушы компаниясы» ЖШС, «Kazakh Invest» ҰҚ» АҚ аймақтық өкілдігі, «TURKISTAN» ӘКК» АҚ, «Сауда-логистикалық аймағы» басқарушы компаниясы» ЖШС, «Оңтүстік» АИО» ЖШС және «Ырыс» МҚҰ» ЖШС сынды мекемелер орналаспақ. Бұл ұйымдар «бір терезе» қағидасы бойынша инвесторларға қызмет көрсетеді.

Бүгінде 31 млрд теңгеге 14 жобаны іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Тарқатып айтқанда, 0,32 млрд теңгеге әкімшілік-іскерлік орталығында «Корзинка» ЖШС-нің 1 жобасы, тарихи орталық аумағында 5 млрд теңгеге «Innovation Central Asia», «TuranBrand» ЖШС-тердің 4 жобасы және өндірістік аймақта «Alageum» АҚ, «AZIMK Turkistan», «Standart Cement» жеке серіктестіктерінің жалпы құны 26 млрд теңгеге бағаланған 11 жобаны жүзеге асыру мақсаты тұр.

Бұдан өзге «TURKISTAN» АЭА» басқарушы компаниясы қазіргі таңда Әкімшілік-іскерлік орталығы, тарихи орталық және өндіріс аймағының жер телімдерін ресімдеумен айналысуда. Сонымен бірге республикалық, жергілікті бюджеттен өндірістік аймақтың 365 гектар аумағына инфрақұрылым жүйелерін тарту үшін 10,4 млрд теңге сомасында қаржы бөлінді. Айта кету керек, инфрақұрылым жүргізу жұмыстары Түркістан облысын дамытудың кешенді жоспарына енгізілген.

Жалпы, өңірде 9 индустриалды аймақ құрылған. Облыстың аудан-қалаларында орналасқан аймақтардың жалпы көлемі 645 гектарды құрайды. Соның ішінде Түркістан, Кентау қалалары мен Созақ, Шардара, Түлкібас, Қазығұрт, Мақтаарал аудандарындағы жер аумағы 273 гектарға тең 7 индустриалды аймақта инфрақұрылым тартылған. Осы индустриалды аймақтарда жалпы құны 62,4 млрд теңге сомасында және 3900 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 66 жоба біртіндеп қолға алынууда. Қазір соның 26 жобасы нақты жүзеге асырылып, нәтижесінде 1312 адам тұрақты жұмысқа орналасты.

Түркістанның теміржолмен қатар халықаралық «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» келік дәлізінде орналасуы өңірде кәсіпкерлік саланың дамуына тың серпін берері анық. Осы мүмкіндікті пайдалануды тиімді ұйғарған жергілікті билік 2013 жылы қала маңында жалпы аумағы 40 гектар жерге индустриалды аймақ құрылды. Былтыр қосымша 200 гектар жер алынып, жалпы аумағы 240 гектарға жетті. Мұнда 877 жұмыс орны құрылады. 6,8514 млрд теңгеге 20 жобаны іске асыру жоспарланған. Бүгінге дейін 6 жоба қолға алынды. Олар – «Түркістан трасса», «Өзірет жол құрылыс», «Kadiris», «Grand Mlks», «Стройсервис – XXI» және «Cordial» ЖШС және жеке кәсіпкерлік нысандар жобасы.

Аталған компаниялар құрылыс материалдарын шығарумен, үй және кеңсе жиһаздарын өндірумен айналысады. Жалпы құны 1,01 млрд теңге болатын 6 жобаның арқасында 283 тұрақты жұмыс орны ашылды. Ендігі кезекте 948,4 млн теңгеге 4 жобаны биыл іске қосып, 194 адамды тұрақты жұмысқа орналастыру көзделген. 4 жобаға «Grand Mlks» жеке кәсіпкерлік нысанының ламинат, «Мирас ДАМУ ЛТД» ЖШС-нің темір-бетон, шыны-пластикалық арматура, «Айбек ЛТД» ЖШС-нің бөгеу плитаары, темір-бетон бұйымдары және «Нұрлы НазАй» компаниясының көпфункционалды РОС-терминалдардың ұсқақ сериялы өндірістері кіреді.

Оңтүстікте негізгі сауда-логистикалық хабына айналған өңірде тұрғындар қолөнер, диқаншылық кәсіптерден тапқан дүниесін базарға шығарып, жан бағып келді. Осы орайда Түркістанның даңқы қай кезде де арзаншылығымен аты шыққанын атап өткеніміз жөн. Жұрт киім-кешектің, төрт түлік малдың Түркістанда арзан екенін бұрыннан біледі. Сондықтан жергілікті және Қызылорда облысындағы тұрғындары мал алу немесе сату үшін Түркістанға базаршылайды. Тіпті іргелес Жезқазғаннан келіп, сауда-саттықпен айналысатын ағайынның қарасы қалың.

2018 жылдың күзінде Елбасы Жарлығымен «TURKISTAN» арнайы экономикалық аймағы құрылған болатын. Осыған байланысты былатыр «TURKISTAN» АЭА» басқарушы компаниясын құру туралы Түркістан облыстық әкімдігінің қаулысы шықты. Бүгінгі таңда АЭА 4 ауданға бөлінген. Олар тарихи орталық – 188 гектар, әкімшілік-

Жамбыл облысында ұлттық құндылықтарды жаңғырту мақсатында ауқымды жұмыстар жүріп жатыр. Мәселен, Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінде 64000-нан астам құнды жәдігер бар. Келушілер де көп. Әсіресе мектеп оқушыларының қарасы қалың. Егер қордағы жәдігерлерге тіл бітсе, талай тарихтан сыр шертері анық. Музей директоры Сейітжан Ілиястың айтуынша, жәдігерлер, құндылықтар қоры жылдан-жылға көбейіп келеді. Өте сирек кездесетін жәдігерлер ұл-қыздарды қатты қызықтырады.

ҚАСҚЫР БАСТЫ ҚОЛА КҮПШЕК



Туған жердің арғы-бергі тарихына назар аударатындардың қатарында №8 Төле би атындағы гимназияның 7-сынып оқушысы Арсен Байзақ та бар. Ол музейдегі жәдігерлермен танысқан соң, үйде ғаламтор арқылы көп мәлімет жинағанын айтты. «Қазір сол жәдігерлерді зерттеп, зерделеп, өзімше ғылыми жұмыс жүргізем деймін. Келешектегі туған өлкемнің тарихын зерттеуіме, бұл бастама болады. Мен секілді өзге балалар да осында жиі келіп, туған жеріміздің тарихын терең білуге тырысады. Осындай музей барына қуанамыз», — деген. Осының өзі аймақтағы асыл мұралардың мұқият сақталып қана қоймай, жас ұрпақ назарын аударып отырғаны қуантады. Әрі музейде небір құпияға толы жәдігерлер жеткілікті. Оның әрқайсысы бір-бір әңгімеге арқау болары анық. Бұл туралы музей директоры Сейітжан Ілиястың айтар әңгімесі көп.

С.Ілияс «Музейге келушілердің назарына іліккен жәдігерлер қатарында Ұлы Жібек жолының бойында жатқан көне Тараз қаласының аумағы зерделеніп, көп жылдардан бері археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған жәдігерлер де қызықтыруда. Сол тарихи орындардан табылған құнды жауһар жәдігерлер қазір облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында, халық назарына ұсынылып жүр. Солардың ішіндегі ерекше көзге түсер жәдігердің бірі — «Қасқыр басты қола күпшек». Тарих қойнауынан жеткен су құйғыш құмыраның мойны қасқырдың басы сияқты пішінде жасалған. Аң көзінің томпайған қарашығы қызыл мыспен жалатылып, ол сары қола кертіктермен шеңберлене жүргізілген. Қысқа басы жақсы дәнекерленіп, құлағына аса нәзік өрнектер түскен. Қола затты дайындауда өте күрделі тәсілдер қолданылғанын ыдыстағы жазудың үзіндісі мен өрнегі дәлелдеп тұр. Бұл ыдыс атақты шебердің туындысы екендігі күмән тудырмайды. Сондай-ақ жәдігер Х ғасырда жасалған тәрізді. Себебі оның бүйіріндегі өрнектер мәнерінің бір бөлігі ежелгі түркілердің үлгісіне келеді. Тағы бір қызығы, бұл құманның басы қасқыр басты болуының өзі көне түркілер дәуірінен хабар береді. Деректерге




Ортағасырлық ақша белгілері

сүйенсек, ең көп тараған аңыздарда көне түркілер өздерін көк бөрінің ұрпағына жатқызатын, сол себепті қасқырдың басын барлық жерде таңба, белгі, тұмар ретінде бейнелеген. Қола құмыраны 1951 жылы Байзақ ауданы Кенес ауылының тұрғыны Дәрмен Алтаев деген кісі жер жырып жатып кездейсоқ тауып алып, музейге тапсырған», — делі.

Иә, мұнда ғасырлар тереніне бойлататын, ойлантатын дүниелер өте көп. Айталық, ортағасырлық Қараханидтер ақша белгілері — IX-XI ғасыр—лардағы дирхемдер сол тұстағы басты айналым құралы болды. Бірақ оларды «қара дирхемдер» деп атады. Себебі күміске мысты көп қосатын. Осындай монеталардың бет жағында билік белгілерімен және жазулармен бірге, иленушінің бюсті, ал сырт жағында құрбандық оты мен күзетші бейнеленген. Бет жағының ортасында — садақ пен жайдың стиліндегі бейнесі, оның төрт жағында: «Ұлы сұлтан, бейбітшілік пен сенімнің шыңы» деп жазылған. Жоғары жағында түсініксіз сөздер, төменгі жағына өрнек түскен. Айналыра екі шеңбер арасында ішінара өшіп қалған: «Осы дирхем Термезде соғылған» деген жазу бар. Сырт жағында екі шаршымен жасалған жарты қартушта Құранның: «Алладан басқа Тәңір жоқ, Мұхаммед — оның елшісі» деген үзінді келтірілген. Қартуштың төрт жағында лакаб пен эпитет орналасқан. Содан кейін «музафари» деген сөз сақталып қалған. Бұл ақша түрін 400 жылға жуық соғып, пайдаланды. Келушілер осы жәдігерге аса қызыға қарайды.

Тарихтан бастау алған б.з.д. I мың жылдықтан еліміз аумағын мекендеген көшпелі тайпалар «сак» этнонимі арқылы белгілі. Деректерде олардың қазіргі Қазақстанның барлық аумағын қоныстанғаны және жауынгерлер, абыздар, қауым мүшелері болып, үш топқа бөлінгені жазылған. Сактар қоғамында әскери адамдар — жауынгерлер ерекше құрметке ие болған. Батырлығымен, мергендігімен көзге түскен адамдардың арасынан патша, көсем сайланған. Олардың



Су сағаты

әйелдері мен қыздары да ержүрек болған. Соғыс өнерін жетік біліп, ерлермен бірдей соғысқан. Мысалы, Томирис патшайым ақылы мен айласы, батырлығының арқасында парсы әскерін жеңгенін тарихтан білеміз. Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінде өте сирек кездесетін жәдігерлердің бірі — сак жауынгерлерінің дулығасы сақталған. Дулыға VII-IV ғасырларға тиесілі, қоладан құйылған, салмағы — 3 келі. Төменгі бөлігінде бірнеше тесігі бар. Ішкі бөлігін тот басқан. Дулығаны Кордай ауданы Ауқатты ауылының аумағындағы Қысымшы қалашығынан 1950 жылы мамыр айында мектеп оқушысы тапқаны туралы музейдің тіркеу кітабында жазылған. Ауданның сол кездегі хатшысы музейге тапсырған. Жәдігерді музей қызметкері, археолог И.Ремпель зерделеп, музей қорына өткізген.

Осындай құнды заттарға қызығатындар музейге арнайы келіп, жәдігерлердің жанына суретке де түсіп жатады. Сондай азаматтардың бірі — Сұлтан Марденов: «Тарихи дүниелерге қатты қызығамын. Кітаптардан, интернеттен іздеп, небір дүниелермен танысып тұрамын. Облыстық музейдегі олжалар да онай емес. Қаншама ғасырды бойлап, туған жерімізде осындай бағалы дүниелер болғанына, тамаша тіршілік кешкен кездердің дәуіріне өткеніне таңдай қағасын. Осында балалардың жиі келетіні, ел тарихына қызығушылықтың басымдығына риза болдым», — делі.

ШЫРАҒАДАНДАР СЫРЫ

Көпшілікті қызықтыратын тағы бір құнды жәдігер, Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің бірегей жәдігері — су сағаты. 1965 жылы Шу өзенінің сол жағалауының жылғасынан кездейсоқ табылған. Қыш ыдыстың бір бөлігі қонус пішінді аяқталған, екінші бөлігінде ойық бар, көлденең жатқызылады, екі аяқ бекітілген, бір аяғы жоғалған. Ал қарама-қарсы бетінде көлденең тұтқасы бар. Су сағаты көзешілер ортасында жасалынған, қоспасыз, біркалыпты күйдірілген. Бұл арнайы қыш ыдыс суаратын судың үлесін анықтау үшін қолданылған. Яғни егістікті қанша уақытта суаратыны, қаншалықты судың мөлшері керектігін білу үшін пайдаланылған. Жәдігер — Орталық Азия және ел аумағынан табылған алғашқы олжа. VI-VIII ғасырларға жатады. 1300 жылдан асады.

Түркеш тиындары. Мұндай ақшалар Жетісудан Соғдыға (*қазіргі Тәжікстан*) дейінгі үлкен аумақта есеп айырысу үшін пайдаланылды. Түркілердің атақ-лауазымдары бейнеленген, ортасында шаршы тесігі бар дөңгелек пішінді монета. Тесік айналасында араб тілінде «Ұлы түркеш қағанының теңгесі»



Шырағандар

немесе «Түркінің көк қағанының теңгелері» деген жазулар болған. Бұл — тайпалық дәрежедегі теңге емес, бүкіл мемлекет дәулетін, мүлкін, ел ырысын қуәландыратын кепілдеме. Түркеш хандары монетаның төрт түрін соқты. Монеталар қағанның ордасы орналасқан Суяб және Тараз қалаларында шығарылды. Бір мезгілде Шу алқабында өз монеталарын түркештерге бағынған тухусы түркі халқы да шығарды, бірақ олардың ақшасы тек Шу алқабының өзінде ғана айналыста болды.

«Шырағандар сыры». Шырақ — былай қарағанда бөлмені немесе белгілі бір жерді жарықтандыру үшін қолданылады. Алайда осы бір заттың өз құндылығы, қасиеті, қолданылуы тағы бар екендігін көп біле бермейміз. Шырақтар өте ертеден бері қолданылып келеді, оған дәлел археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған түрлі кезеңді сипаттайтын шырақтар болып табылады. Музей қорында шырақтардың өте бай топтамасы жинақталған: қоладан және қыштан жасалған, әрқайсысының жасалу техникасы, пішіні, өрнектері әртүрлі. Ортағасырлық көлөнершілер қандай да бір бұйымды жасау үшін оған өзіндік табиғатын, қолтаңбасын, ерекшелігін берген, бұл бір жағынан пішіндердің алуан түрлілігі мен көзешілердің жоғары көркемдік шеберлігі саудада үлкен сұранысқа ие болып, қыш өнерінің дамуына ықпал еткен. Солардың ішінде ең құнды, ерекше шырақтар туралы айтсақ. Киіз пішінді шырақтан 1964 жылы ежелгі Тараз қаласынан, бұрынғы көкбазардың орнынан табылып, музей қорына тапсырылған. IX-X ғғ. жатқызылады. Киіз үйдін барлық белгілері: тұрпаты, есігі, ораған



Сак дулығасы

жібі, түтін шығаратын тесігіде жасалған. Күйдірілген саздан жасалған бұл шырақ, қала тұрғындарының өз отауының отын сақтауға негізделген діни белгі болып есептеледі. Аспалы сегіз тұмсықты (пілтелі) шам ерекше көңіл аудартады. XIV ғасырға жатқызылады. Көне көкбазардан табылып, музей қорына тапсырылған. Ортасында өте үлкен дөңгелек жайпақтау сұйықтық қоймасынан дөңгелек негізі, яғни жуан өзегі жоғары қарай көтеріліп тесікпен ақталған болады. Кішігірім шырақтар тұрмыста, жарықтандыруға жиі қолданылған және музей қорындағы мұндай шырақтар әр

жерден, мәселен, төменгі Барысхан қалашығының қазба жұмысы кезінде, ежелгі көкбазар, аудандарда жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған. IX-XII ғғ. жаттады. Ортағасырдағы қыш шырақтар тәртіп бойынша бір түсті сырмен: жасыл, сары, қоңыр қызыл түсте көмкерілген. Төрт пілтелі, бес пілтелі қола шырақтар бұрынғы көкбазардан табылған X-XIII ғасырға жатқызылады. Қола шырақтарды тек ақсүйек, бақауатты отбасылар ғана пайдалана алған, себебі жасалу техникасына қарай құны да бағалы болған. Бұл шырақтар андык стильде жасалған, тұтқалары анның құйрығы, табандары анның тұяқтарын еске түсіреді. Өрнектері өте нәзік жасалған, жұқа ойылған. Тұғырлы қола шырақтар бұл бұйымдар діни салттар мен тұрмыста қолданылған. Олар бірнеше бөліктен тұрады — мәнерлі үш аяқты тұғырдан, оған қойылатын

кимасы дөңгелек немесе қырлы цилиндрлі біліктен, ол жалпақ әрі жиегі биік емес төрелкені ұстап тұрады және оның үстіне шырақ қойылған. Барлық бөлігі безендіріліп, өрнектермен, араб әріптерімен орындалған жазулары діни және мейірбанды сипаттармен әшекейленген. Биіктігі 1 м-ге дейінгі шырақтар сарайларға, бай үйлерге, мешіттерге

көрік беріп тұрғаны сөзсіз. Бұл бұйымдар XI-XIII ғғ. басымен мерзімделеді. Шырақтар әлемі алуан түрлі, оның пішінінен, өрнегі мен әшекей мәнерінен, көркемдік талғамның дамуы мен діни түсініктің бейнесін, жергілікті және сырттан әкелінгенін, тарихтың әр түрлі кезеңдерінде халықтар мен мәдениеттің байланысын, үлгілерін көруге болады.

ЫҚЫЛАСТЫҢ ҚОБЫЗЫ




XIX ғасырдың екінші жартысы, XX ғасырдың басында өмір сүрген қобызшы, күйші, сазгер Ықылас Дүкенұлының қобызы да құнды жәдігерлер қатарында. Ел аузындағы

аңыздарға сүйенсек, күйші қобызды өз қолымен ойып жасап, күй тартқан деседі. Қаншама жылдар өтсе де, осы қасиетті қобызды ұрпақтары қастерлеп, отбасының киелі, қасиетті заты ретінде қалпын бұзбай сақтап келген. Құнды жәдігерді музей қорына өткізген — Сарысу ауданы Жайлауқөл ауылының тұрғыны, қобызшының шөбере келіні Алтын Ақынбаева. Қорқыт бабаның өнерін қайта тірілген ұлы сазгер-қобызшы Ықылас Дүкенұлының қара қобызына әуелі кіші ұлы Ақынбай мен келіні Рәзия иелік еткен. Ақынбай қайтыс болған соң, Рәзия әже XX ғасырдың 80-жылдарына дейін қобызды ешбір жанға ұстатпай, көлденең көзден тығып сақтап келген. Ол да өмірінің соңында қымбат жәдігерді ұлы Дәулет пен келіні Алтынға аманаттайды. Қобыздың ерекше қасиеті сол, оқсы жағдайда көне аспаптың ішегі қатты дыбыс шығарып, белгі беретін көрінеді. Қасиетті жәдігер халықтың мұрасына айналып, тарихымыз бен мәдениетімізді насихаттап отырған облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорына 2008 жылы қабылданып, музей экспозициясында сақталып келеді.

МОМЫШҰЛЫНЫҢ МҰРАСЫ

Жамбыл өңірінің қасиетті топырағы тудырған бергіңдегі бірегей тұлғаларды еске түсіріп болсақ,



алдыңғы қатарда Кеңес одағының батыры, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлын айтарымыз сөзсіз.

Біртуар азаматтың көптеген жеке заттары Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұр. Ер Баукен көзі тірісінде мұралары мен құжаттарының осы орында сақталуын аманаттап кетіпті. Оған 1965 жылы музейдің директорына өз қолымен жазған өсиет хаты дәлел. Ал 1995 жылы ашылған Жуалы ауданындағы Б.Момышұлы атындағы мемориалдық музейде батыр бабамызға тиісті 2282 жәдігер жинақталған. Оның ішінде батырдың жеке заттары, өз қолымен ойған оюлары, 1963 жылы Кубаға барған сапарынан естелік заттар мен киімдері, ыдыстары мен кітаптары, фотосуреттері бар. Әрине, атақты қолбасшының батырлығын, даналығын еске түсіретін әрбір жәдігеріне жеке-жеке тоқталуға болады. Әсіресе, Момышұлының маузері мен мүштігі көпшіліктің назарын өзіне еріксіз аударады. Музейдің тіркеу кітабында батыр бабамыздың Ұлы Отан соғысы жылдарында қолданған маузер қаруы мемлекеттік тіркеу тізіміне енгізілген. Қорға қабылдап алған музей қызметкері А.Поповтың сипаттамасына келсек, маузер Панфилов дивизиясының гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлына тиесілі. Маузер — металл, кейбір бөліктері ағаштан және қайыстан жасалған. Жәдігердің металл бөлігінде «Маузер полковника Бауыржан Момышулы» деген жазу бар. Бар өмірін әскери қызметке арнап, Ұлы Отан соғысына қатысқан даңқты қолбасшы бұл маузерді сол отты жылдары пайдаланып, кейіннен көзінің тірісінде облыстық тарихи-өлкетану музейіне 1965 жылы тапсырғаны жазылған. Сондай-ақ 1959-1985 жылдары Қазақстан Компартиясы Жамбыл, Алматы және Шымкент облыстық комитеттерінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарған Асанбай Аскаров туралы да деректер жеткілікті.

Мәселен, «Ұлы Тұранның ұлдары» атты кітабы мен XX ғасырдың 80-90 жылдары пайдаланған көзілдірігі қабымен сақтаулы тұр. Көзілдірік жиектері қоңыр түсті, қабының да түсі қоңыр, сақталуы орташа деңгейде, ескірген, жыртылған. Сыртына «VIII-сессия Верховного Совета Казахской ССР (VI созыва)» деп жазылған, 1966 жылы пайдаланған қызыл түсті, қатты қайыстан жасалған қойын дәптерін қайраткер жұмыс барысында пайдаланған. Фарфордан жасалған, «Асанбай 1979» деген қара сиялы жазуы бар, бүйіріне айналыра ою-өрнектер салынған, жылтыр бояумен сырланған қызыл түсті, дөңгелек пішінді тәрелкесі де ескірмеген жәдігер. Сондай-ақ белгілі тұлғалармен

түскен суреттері, 1985 жылы пайдаланған қызыл түсті қаламсабы сақтаулы. Қаламсап пен қарындаш салынған қорап қалың картоннан жасалған, сыртында түрік тілінде жазулар бар. Бұл жәдігерлердің барлығын музей қорына 2001 жылдың қазан айында Жұмақұл Олжабаева өткізген.

Рухы мықты ел рухани дүниелеріне мұқият болатыны анық. Осы тұрғыда

Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі өзгелерге өнеге көрсетіп, құндылықтардың қадірін арттырып отыр.

Ерман ӘБДИЕВ,
Жамбыл облысы бойынша
меншікті тілшісі



AINA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru



www.jasqazaq.kz

— деп өткен күндерін сағынышпен еске алды. Үзілген үмітімді жалғау үшін, алған бетінен қайтпаған ол бойын қайта тіктеді. Өткен жылдың қараша айынан бері



Қызылорда қаласында тұрады. Екі ортада шапқылап жүргенін естісе керек, бір апай үйінде тегін тұрып, би сабақтарына қатысуына көмектескісі келетінін айтады. Сол кісінің көп көмегі тиіпті. Қазір ол тамыз айының 1-нен бастап, 29-30 қыркүйек күндері Ресейде өтетін чемпионатқа дайындықты бастап кетті. Осындай ұлы арманға деген ұмтылыс пен еңбектің арқасында, 2018 жылдың қазан айының 20-21 күндері Алматыда паралимпиадалық чемпионатқа қатысты. Ол Розаның өнер саласындағы ең алғашқы доласы еді. Сол жарыста Денис Тенге арнап, «Так хочется жить» деген биді орындады. Ол: «Жол апатына түсіп, арбаға таңылғаннан кейінгі күнкөрісіміздің қалай болғанын айтпай-ақ қояйын. «Өлмегенге жолығар өлі балық» деген Мұқағали



ӨМІР - ӨНЕР Қоғамда тағдыр тауқыметін тартып, мүмкіндігі шектелген алуан түрлі адам бар. Алайда олардың арасында қиындыққа қарамастан, ешқашан мойымай, өмірге деген зор құлшыныспен көз келген кедергіні басып өтетіндер көп. Сондай жанның бірі – қызылордалық Роза Смағұлқызы. Ол тосын жағдайдан кейін паралимпиадалық спорттық биді үйреніп, өмірін сол өнерге арнады. Аз уақытта өз өнерімен түрлі чемпионаттарда жүлде алып үлгерді. Енді еңгіме тізгінін Роза ханымының өзіне беріп көрелік.

«Еліміз Тәуелсіздік алған 1990 жылдары аладорба аркалап кеткендердің қатарында мен де болдым. Саудамен, оның ішінде көтерме саудамен айналыстым. Табысым еселеніп, көп жетістікке жеттім. Алайда, Алланың

жылдан бері теледидардан шетелдегі мүмкіндігі шектеулі жандардың би өнерін тамашалап, іштей қатты қызығатын болдым. Спорт дейсіз бе, өнер дейсіз бе, қалай атасаныз да, маған осы өнермен айналысу үлкен арман болды. Өзім тұратын Байқоңыр қаласында сондай би орталығын



мандайға жазғанынан ешкім де қашып кете алмайды екен», — деп әңгімесін бастады кейіпкеріміз. Сөзін жалғаған ол: «1999 жылы Түркістаннан Байқоңырға тауар әкеле жатқан жолда көлік жүргізушісі қалғып кетіп, ірі жол апатына ұшырады. Жазым деген қас пен көздің арасында екен. Сол жолы қатты зардап шеккен мен ғанамын. Жұлын жарақатын алдым. Дәрігерлер өмір бойы арбаға таңылатынымды айтты. Қысқасы, 1 топтағы мүгедек болып қалғанымды өзім де байқамай қалдым. Бір сәтте өмірімнің астан-кестені шықты», — деп, көңілі босап кетті.

«Бұрын ешқашан бимен айналыспағанмын. Мектеп қабырғасында жүрген кезімдегі ең үлкен арманым — өзімді өнер саласында дамыту еді. Алайда, ауру азабын көп тартқандықтан болар, өкем де, анам да менің өнер емес, медицина саласына барғанымды қалады. Ата-анамның сол арманын аркалап медициналық училищеге түстім. Сол мамандық бойынша жұмысқа орналастым. Бірақ, ешқашан жұмысымды жүрегіммен қалап істемедім... Он шақты

ашуды армандап, қақпаған есігім қалмады. Екі елдің занына бағынатын қала болғандықтан, бұл арманымды жүзеге асыру оңай болмады. Бір күні инстаграм әлеуметтік желісінен Қызылорда қаласында «Ерекше би» деп аталатын паралимпиадалық спорттық биге баулитын орталық ашылғанын, оған өзім сияқты кез келген жанның қатыса алатынын оқыдым. Әлгі паракшада ұйымдастырушылардың байланыс нөмірі де бар екен. Бірден хабарластым. Аталған орталықты ерікті ретінде жұмыс істейтін Ольга Чебакова деген әйел ашыпты. Цой деген биші мүмкіндігі шектеулі жандарға көмектесу мақсатында сол жерде тегін би сабақтарын өткізеді. Ол кезде орталықта барлығы үш жігіт, бір қыз бар еді. Мен де солардың қатарына қосылдым. Содан, 2018 жылдың ақпан айынан қарашасына дейін тоғыз ай бойы Байқоңыр мен Қызылорда қалаларының арасын жол қылдым. 300 шақырым ары, 300 шақырым бері қатынаймын. Аптасына үш рет, 5000 тенгеге барып-қайту маған оңайға соқпады», —

Мақатаевтың әлдебір өлеңіндегі бір ауыз сөз бізге, яғни қыздарым мен маған ғана арналғандай. Сол кездегі мүгедектікке байланысты алатын зейнетақым 1000 тенгеге де жетпейтін. Алимент те болмады. Қиындық көрдім деп айтуға болмайды дегенді көп естимін. Өмірде менен де қатты қиындыққа ұшыраған жандар бар. Сондықтан, мен сол кезде басымнан өткен жағдайларды айта бергім келмейді. Қанатым қайырылса да, жігерім мұқалған жоқ. Қазір, шүкір, үш қызым тұрмыста. Ана бақытын сезініп, әже атандым. Өміріме ризамын! Егер де, менің тағдырым, арманға деген ұмтылысым өмірден түніліп жүрген өзге жандарға тамшыдай болса да көмегі тисе, үлгі болса, өмірдегі адамзаттық парызымның бірін орындадым деп санар едім. Jas qazaq газетінің оқырмандарына өмірдің кез келген сынағына қарсы тұруға көмектесетін асқақ арман, сол арманға жететін күш-жігер, қажыр-қайрат тілеймін!», — деп сөзін аяқтады. Міне, өмірдегі қиындыққа мойымау деген осындай-ақ болар.

Жазып алған Нұрғұл ЖАМБЫЛҚЫЗЫ

СҮЙЕННІНІ:

Бексұлтан Кенішқалиев – Алматыдағы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының студенті. Ол Литвада өткен халықаралық екі ән байқауының бас жүлдесін жеңіп алып, қазақ елінің көк туын желбіретті.

Бексұлтанның бас жүлдесі

Литвадағы байқаудың біріншісі – «Паланга – 2019» XV халықаралық әншілер байқауы. Екіншісі – «The Voices Lithuania» әлемдік телевизиялық байқауындағы «Король» атағына ие болды. Жас әншінің айтуынша, телевизиялық байқауға үміткерлер 24 мемлекеттен қатысыпты. Ол: «Алғашқы байқауда Естайдың «Құсни Корлан» әнін орындадым. Екіншісі Элтон Джонның «Sory seems to be» әні. Ән 75 адамнан тұратын әлемнің үздік оркестрдің сүйемелдеуімен орындалды. Өте әсерлі болды. Әсіресе жеңімпаздарды марапаттағанда қатты қобалжыдым. Бас жүлдегер ретінде атым аталғанымда, төбем көкке жеткендей болды», — деді.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА, Фото Ғалия ҚАЛИЕВА



ЖӘДІГЕР Көне тайқазан Жетісудың Кеген өңірінен табылды. Қазанның көлемі мен пішіні бұған дейін осы өңірде табылған қазандарға ұқсамайды. Археологтардың мәліметінше, кездейсоқ олжа біздің заманымызға дейінгі III-V ғасырлардан қалған олжа.

Қазанның биіктігі —53 сантиметр, тереңдігі —36 сантиметр, диаметрі 55-58 сантиметр. Осыған дейін қола қазанның 80-ге жуық түрі табылса,



Таңғажайып тайқазан



олардың арасында үш тағанды қазанның үлесі басым. Ал мұндай қуыс тағанды қазандар аздау. Археологиялық деректерге сүйенсек, қуыс тағанды қазандар Алматы облысы және Қырғызстанның Ыстықкөл аймағынан табылған.

Қасиетті жазу



Ахмет Йассауи кесенесінің маңындағы Құлтөбеден XX ғасырлық құдық пен III ғасырдағы Құран жазбасы табылды.

Археолог Қуаныш Шоқаевтың айтуынша, табылған жәдігерлердің сақталуы ерекше. Ол бұл туралы: «Археологиялық қазба барысында араб графикасымен қабырғаға жазылған жәдігерді Алматыға зерттеуге жібердік. Алдын ала болжам бойынша, қабырғада Құранға арналған тәпсір жазылған. Оған ең алдымен зертханалық жұмыстар жүргізіледі. Толық зерттелгеннен кейін мұражайға өткізіледі», — деді. Мамандардың айтуынша, Түркістан тарихи сырға толы мекен. Құлтөбе маңы толықтай зерттелетін болса, құнды заттардың қатары толығыу мүмкін.

МҮҚІС МҮҢІС



ҚАТЕЛЕСУДЕН ДЕ ҚАЙМЫҚПАЙМЫЗ

«Павлодарда дүкеннен көйлектер ұрланды: 25 жастағы қыз көздесуге барғысы келген». Бұл – интернеттегі бір ақпараттың тақырыбы. Бізде көйлек ұрлануы мүмкін, жұртта көйлектер ұрлануда. Біз басқаларды былай қойып, журналистердің көзін аша алмайтын болдық қой. Жалқы есім мен жалпы есімді айыра алмайтындар көп».



«Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген жаман қарғыс бар. Құдай сақтасын. Алайда осы «Qazsport» арнасының ұстанымын түсінбей жүрмін. Алматының «Қайраты», «Елорданың «Астанасы» деп айтылып, жазылып жүрсе, бұлар «Алматылық «Қайрат», «Елордалық «Астана» деуін қояр емес. Жана ғана «Қазақстандық үш команда...» деп санқылдап тұр. Айналайындар-ау, «Қазақстанның үш командасы» десендер, ауыздарың қисайып қала ма? Әлде бұл ерегісі ме? Онда «Қазақстанның халық әртісі (жазушысы)» дегенді «Қазақстандық халық әртісі (жазушысы)» деп жазындар, осылай деп айтындар. Болмаса тіл ережесіне назар аударсаңдаршы демеске амал қалмады».

Дүрәлі ДҮЙСЕБАЙДЫҢ facebook парақшасынан

**Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2178;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.